



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Мемлекет басшысының «Ана тілі» ұлт газетіне берген сұхбаты

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, былтыр «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатыңызда жылды қорытындылап, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстың басым бағыттарын белгілеп бердіңіз. Осындай сұхбаттар жақсы дәстүрге айналып келеді. Бұл елімізді дамытуға қатысты шаралардың мән-маңызын азаматтарымыздың терең түсінуіне мүмкіндік береді. Бүгін де мазмұнды әрі ашық әңгіме өрбітеміз деп ойлаймын. Алғашқы сұрақ: Қазақстан үшін өткен жыл несімен ерекше болды?

– Былтыр көптеген маңызды оқиға болды, қыруар жұмыс атқарылды. Мысалы, әбден тозығы жеткен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары барлық аймақта жүргізілді. 18 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 7 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Алматы, Қызылорда және Шымкент әуежайларында жаңа жолаушылар терминалы іске қосылды. Тау-кен, мұнай-химия және металлургия салаларында ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Қайта өңдеу секторы қарқынды дами бастады. Оның өнеркәсіптегі үлесі өндіру саласының деңгейіне жуықтады.

27 миллион тоннаға жуық астық жинап, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізген дикандарымыздың жетістігін айрықша атап өткен жөн.

Мен былтырғы сұхбатымда 2024 жыл Қазақстан үшін айрықша маңызды жыл болатынын айтқан едім. Шын мәнінде солай болып шықты.

Біз еліміз үшін күрделі болса да, жүйелі экономикалық реформаларды қолға алып, алдағы бес жылдық дамуымыздың берік негізін қаладық. Сол үшін көптеген маңызды жобалар мен бастамалар жүзеге асырылды.

Келешекте бұдан да ауқымды жұмыс жасалмақ.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан былтырдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында төлем беріле бастады. Зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы және азаматтық сала қызметкерлерінің жалақысы көбейді. Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген жаңа мектеп, балабақша және дене шынықтыру-сауықтыру орталықтары салынды. Шетелдің оннан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшесі ашылды. Ғылымды қаржыландыру көлемі арта түсті, мәдениет саласының қызметкерлеріне елеулі қолдау көрсетіліп жатыр. Бұқаралық спортты дамытуға баса мән берілді. Мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады.

Қазір әлемде бұрын-соңды болмаған аса күрделі геосаяси ахуал қалыптасып отыр. Соған қарамастан, Қазақстан бейбітшілік үшін диалог орнату жолында тиімді рөл атқаратын мемлекет ретінде халықаралық аренадағы позициясын күшейтті. Бұл жағдай еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Жалпы, өткен жыл оңай болған жоқ, тіпті күрделі жыл болды деуге келеді. Қазақстанға сыртқы факторлардың салқыны тиді, табиғат апаты да жоспарларымызға әсер етті. Алайда біз ахуалды бақылауда ұстап қана қоймай, жан-жақты реформаларымызды жалғастыра алдық. Осылайша, жасампаздық стратегиясы одан әрі жүзеге асырылып жатыр.

– Сіз былтырғы табиғат апатын еске алдыңыз, яғни өңірлердің тең жартысын басып қалған алапат су тасқынын тілге тиек еттіңіз. Сол кезде уәкілетті органдарға апаттың салдарын жою туралы нақты тапсырма бердіңіз. Содан бері жұрт

ауқымды жұмыс атқарылғанына куә болды. Бірақ қарғын су кезінде қордаланған көптеген мәселенің беті ашылды. Мемлекет осы табиғат апатынан қандай сабақ алды?

– Былтырғы тасқын еліміз үшін зор сынақ болды. Мұндай алапат тасқын Қазақстанда бұрын болмаған. Мемлекет орасан зор қауіптің бетін қайтару үшін шұғыл шаралар қабылдады. Адамдар дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді, олардың уақытша паналайтын орындары әзірленді, материалдық резервті пайдалануға рұқсат берілді. Апаттан құтқару жұмыстарына Төтенше жағдайлар министрлігінің ғана емес, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің, Ұлттық ұланның және басқа да құрылымдардың қызметкерлері, жалпы саны 63 мыңға жуық адам жұмылдырылды. Соның арқасында көптеген азаматты құтқарып, аман сақтап қалдық. Ең бастысы – осы.

Бір ел, бір халық болып, жұдырықтай жұмыла білсек қана мұндай апаттарды еңсере алатынымызға бәріміз көз жеткіздік. Су тасқыны кезінде волонтерлер қозғалысының әлеуеті зор екенін көрдік. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген еріктілер құтқарушыларға жәрдемдесті, гуманитарлық көмек ұйымдастырып, зардап шеккендерге қолдау көрсетті.

Қарғын судың қарқыны шынымен де қатты болды: үйлер, жолдар, көпірлер, әлеуметтік және коммерциялық нысандар бүлінді, біраз мал қырылды. Бөгеттер мен гидротехникалық қондырғылар салуға ондаған жыл бойы жете көңіл бөлінгенде, апаттың салдары соншалықты ауыр болмас еді. Мұны мойындау керек. Қазір кателікті түзеп, олқылықтың орнын толтыруға кірістік. Парламентте жаңа Су кодексінің жобасы қаралып жатыр. Су ресурстарын басқару тұжырымдамасы және оның кешенді жоспары бекітілді.

(Жалғасы 2,3,4-беттерде) ➔

2025 – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Табыстың кілті – еңбекте

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Мемлекет басшысы бұл бастаманы өткен жылғы 2 қыркүйекте «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында көтерген болатын.

● Болат МӘЖИТ

«Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Өз кәсібін жетік менгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Президент сөзінің астарында үлкен мағына, зор міндеттер жатыр. Ондағы ойлар әрбір көзіқарақты азаматты толғандырмай қоймайды. Осындай серпілістер нәтижесінде жұмысшы кадрлардың бүгінгі күнге лайық жаңа тұрпаты қалыптасады. Жұмысшы мамандығын шыңдау – өмір талабынан туындаған қажеттіліктің бірі. Ол баршаны ізденістерге жетелейді. Кадрлар білікті және сапалы деңгейге көтерілмей, өнім өндірудің өркениеттік бәсекесі қалыптаспайды. Жолдауда осы мәселеге кеңінен мән берілген.

Экономиканы дамыту жұмысшы күшімен жүзеге асатыны белгілі. Ол – өзгермейтін аксиома. Алайда жаңа технологиясыз алға ұмтылу мүмкін емес. Шикізатты ғана экспорттаумен келетін табыс бақуатты өмір сүрудің тұрақты кепілі бола алмайды. Себебі табиғи ресурстардың, яғни шикізат қоры шектеулі. Әлем ғылыми-техникалық прогрестің өріс алуына мүдделі. Бүгінгі өскелең өмір кешегі қарадүрсін қол күшін жасанды интеллектімен алмастыра бастады. Қай жаққа қарасаңыз да, қарыштаған жаңалықтармен қауышасыз.

(Соңы 5-бетте) ➔

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Талғар ауданы Ақтас ауылында блокты-модульдік қазандық пайдалануға берілді. Соның арқасында 6 көпқабатты үйдегі 132 пәтердің тұрғындары жаңа жылды орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған жылы үйлерде қарсы алды.

Жаңа жылды жылы үйде қарсы алды



● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Өткен қыста осы ауылдағы көпқабатты үйлердің бірінде газ баллоны жарылып, бірнеше тұрғын қыраулы күнде қиындыққа тап болған еді. Өйткені пәтерлерін әркім мүмкіндігіне қарай көмірмен, электр қуатымен, сұйытылған газбен жылытатын. Енді оның бәрі артта қалды. Ақтас ауылындағы «Медик-2» шағынауданында көптен күткен қазандық іске қосылды.

– Қуанышымызда шек жоқ, қыста көретін азаптан құтылды. Үйімізге көгілдір отын келіп, орталықтан жылытылатын болды. Аудан әкімдігі мен өкілетті билікке айтар алғысымыз шексіз, біздің өтіншімізді жерде қалдырмай, БМҚ құрылысы үшін 290 млн теңге қаржы бөлді. Нәтижесінде жаңа жылда пәтерлерімізге жылу беріліп жатыр, – дейді №3 үйдің тұрғыны Александр Голубев.

Қазандықта көпқабатты үйлерге жылы су беру жағы да қарастырылған. Бірақ ол үшін тұрғындар толық мақұлдаған ортақ ұйғарым керек. Өйткені кейбіреулер оны төлеуге жағдайымыз көтермейді десе, жылы суды жеке-жеке беру мүмкін емес.

БМҚ-ны іске қосу салтанатына аудан әкімі Таңат Айдарбеков, ТҮКШ, және «Талғар жылу» мекемесінің өкілдері қатысты. Мердігер компания – «Боран Бойлер» ЖШС-ның бас инженері Ғалымжан Болатбайұлының айтуынша, алты көпқабатты үйге жылу беретін қуаттылығы 1,46 Гкал қазандықтың құрылысы биыл желде айында басталған.

Түймешікті басып, қазандықты өз қолымен іске қосқан аудан әкімі Таңат Айдарбеков 2025 жылы Талғар қаласы және ауылдарда тағы 8 БМҚ-ның құрылысы жоспарланғанын жеткізді. Бұдан екі ай бұрын Кендала ауылындағы Смыков көшесінде орналасқан 6 көпқабатты үйді жылытатын БМҚ пайдалануға берілген еді. Бесағаш ауылындағы қазандықтың құрылысы да аяқталуға жақын, тек мемлекеттік сараптамадан өткізу ғана қалды.

Осылайша, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтар салдарынан тозығы жетіп, түгелдей тоқтап қалған орталықтандырылған жылу қазандықтары бірте-бірте экологиялық тұрғыда таза әрі тұрғындар үшін арзан көгілдір отынмен жұмыс істеуге көшіп, ел игілігіне беріліп жатыр. Жаңа жылда халқымызды қуантатын жағымды жаңалықтар көп болғай!

Талғар ауданы

БҮГІНГІ САҢДА:



ЭЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ЭЛЕУЕТІ ЗОР

6-бет



ЕМДЕУ МЕКЕМЕСІ АШЫЛДЫ

7-бет



КҮЙ ҚЫРАНЫ

8-бет



«Басы 1-бетте»

Онда 2030 жылға дейін 40-тан астам су қоймасын салу және 37 су қоймасын жөндеу қарастырылған. Сондай-ақ жалпы ұзындығы 14 мың шақырымнан асатын ирригация каналдарын жаңғырту көзделген.

Төтенше жағдайларды болжау және оның алдын алу жүйесін жаңғыртуға қатысты ауқымды жұмыстар басталды. Су мамандарының тапшылығы мәселесін шешу және зерттеу жұмыстарын жандандыру үшін Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды.

Быттыр желтоқсан айының басында Сауд Арабиясында One Water Summit атты басқосу өтті. Қазақстан мен Франция төрағалық еткен осы алқалы жиынға қатысып, сөз сөйледім. Онда суға байланысты апаттарға төтеп беру мүмкіндігін арттыру қажеттігіне арнайы тоқталдым. Шын мәнінде, халықаралық қауымдастық су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін бірлесе әрекет етуі керек. Қазақстан осы мәселеге басымдық береді.

Күрделі сәттерде қоғамдағы қордаланған келеңсіздіктердің беті ашылатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бірақ әр қиындықтың қайыры бар. Сондықтан дағдарыс кезінде байбалам салмай, байыпты болған жөн. Біз өзекті мәселелерге қатысты дұрыс шешім қабылдап, істің көзін таба білуіміз қажет.

Әдетте мемлекеттік қызметшілерді орынсыз сынап-мінейтін әңгімелер жиі айтылады. Алайда бәрі де салыстырғанда көрінеді. Әсіресе басқа елдермен салыстыру арқылы сараланады. Біз коронавирус індетінен бастап қазірге дейін дағдарысты жағдайлардың бәрінен ойдағыдай өтіп келеміз.

Көктемгі су тасқынының салдарын жою үшін



МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ

қабылданған шаралар мемлекеттің тиімді жұмыс істей алатынын көрсетті. Зардап шеккен бір де бір отбасы көмек-қолдаусыз қалған жоқ. Үй салынды, пәтер берілді, инфрақұрылым нысандары қалпына келтірілді, қарғын судан зардап шеккен барша тұрғындар мен кәсіпкерлердің шығыны өтелді. Мұның бәрі өте қысқа мерзім ішінде жасалды. Су тасқынының салдарын жоюға ірі бизнес өкілдері де елеулі үлес қосты. Бүгінгі дүрбелеңге толы дүниеде техногендік сипаттағы апаттар мен табиғат апаттары көбейіп тұр. Оның бәрін еңсеруге көптеген ел, соның ішінде дамыған мемлекеттердің өзі дайын болмай жатады. Біз бұдан 2024 жылы да анық көз жеткіздік. Әрине, әлі көп жұмыс істеу қажет екені сөзсіз. Дегенмен төтенше жағдайға төтеп беру тұрғысынан, Қазақстан басқа елдермен салыстырғанда лайықты орында тұр.

Желтоқсанның соңғы күндері Ақтау қаласында Әзербайжан әуе компаниясының ұшағы апатқа ұшырады. 38 адам қаза болды, оның ішінде еліміздің 6 азаматы бар. Ауыр жағрап алғандар да көп. Мұндай сәтте әрбір секунд қымбат. Құтқарушылар, дәрігерлер мен тәртіп сақшылары шұғыл әрі үйлесімді әрекет етті, кәсіби деңгейі мен азаматтық жауапкершілігі жоғары екенін көрсетті. Жакын жердегі Маңғыстау өңірлік электр торабы компаниясының жұмысшылары бірден көмекке келді. Төңіректегі тұрғындар да зардап шеккендерді құтқаруға атсалысты. Азаматтарымыздың жанқиярлығы арқасында барынша көбірек адамның өмірін сақтап қалдық. Мен құтқару жұмыстарына қатысқан әрбір адамға шын көңілден ризашылығымызды білдіреміз. Қазақ халқының апаттан зардап шеккендерге жанашырлығы мен тілеуелестігі азаматтарымыздың жаппай қан тапсыруға асыққанынан да айқын байқалды.

Ұшақ апатының себебін анықтау үшін Үкімет комиссиясы құрылғанын атап өткім келеді. Сонымен бірге 17 халықаралық сарапшы шақырылды. Оның ішінде Халықаралық азаматтық авиация ұйымының және Мемлекетаралық авиация комитетінің мамандары бар. Үкімет комиссиясы мәліметтің бәрі жазылған арнайы құрылғыны сол ұшақты жасаған Бразилия еліне жіберу туралы шешім қабылдады. Бұл қадам тергеу жұмыстарының объективті әрі бейтарап жүргізілуіне қажетті бірден-бір дұрыс шешім екеніне сенімдімін.

– Сіз Сауд Арабиясындағы халықаралық форумға қатысқаныңызды атап өттіңіз. Жалпы, быттыр әлемдік деңгейдегі осындай көптеген іс-шараға қатыстыңыз. Бұл сіздің сыртқы саясатқа баса мән беретініңізді меңзеп, «Президент – кәсіби дипломат, сондықтан халықаралық мәселелерге көбірек назар аударады» деген әңгіменің шығуына түрткі болды. Шынымен де солай ма?

– Қазақстан орналасқан жері, экономикалық әлеуеті және қазіргі геосаясат ахуалы тұрғысынан алғанда, әлемнің көптеген мемлекеті үшін стратегиялық маңызы бар ел саналады. Бізбен байырғы серіктестеріміз ғана емес, сонау Африка құрлығындағы мемлекеттер де достық қатынас құруға мүдделі. Батыста, жалпы жер жүзінде Қазақстанның орта деңгейде деп атайды. Әрине, бұл мәртебенің салмағы да ауыр. Біз, ең алдымен, халықаралық аренадағы іс-әрекеттерімізге жауапкершілікпен қарап, қазіргі заманның аса күрделі мәселелеріне келгенде, сындарлы ұстанымда болуымыз керек. Сондықтан Қазақстан «барша адамзаттың ортақ үйі», еш баламасы жоқ әрі әмбебап құрылым саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымын қашанда жақтайды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы ретінде ішкі саясат мәселелерімен күнделікті айналысамын. Бұл – өте маңызды жұмыс. Сондықтан менің қызметімде сыртқы саясатқа басымдық беріліп кетті деген пікір дұрыс емес.

Менің басты мақсатым – мемлекетіміздің экономикалық әлеуетін, егемендігін және халықаралық аренадағы орнын нығайта түсу. Мемлекет басшысы болған сәттен бастап қазірге дейін қабылдаған шешімдерім мен оның түрлі салдары үшін бар жауапкершілікті өз мойныма аламын. Мен басқаша жұмыс істей алмаймын, істегім де келмейді.

– Ақыры, Біріккен Ұлттар Ұйымы туралы айтылған соң, бір тосын сұрақ қоюға рұқсат етіңіз. Әлеуметтік желіде Сіз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының басқаруыңыз мүмкін, соған байланысты елімізде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген қауесет тарап жатыр. Осы қауесеттің негізі бар ма?

– Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары және Қарусызданду жөніндегі

конференцияның бас хатшысы ретінде осы ұйымның Женевадағы кеңсесін үш жылға жуық басқардым. Халықаралық үдерістердің қыр-сырына бойлап, мол тәжірибе жинадым. Осының өзі артығымен жетеді деп ойлаймын. Менің елімізді дамытуға қатысты талай жылға арналған ауқымды жоспарларым бар, оның бәрін жүзеге асыруға ниеттімін.

– Быттыр «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Игі бастама барлық өңірді қамтыды. Сіз «Таза Қазақстан» дегеніміз көше тазалаудан әлдеқайда ауқымды ұғым екенін атап өттіңіз. Осы бағыттағы жұмыс қалай жалғасады?

– «Таза Қазақстан» акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алады. Халықтың бұл бастамаға барынша қолдау білдіргеніне тәнтімін. Әсіресе жастарға ризашылығымызды білдіргім келеді. Қазақстан азаматтары мұның кезекті бір науқан емес, озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін түсінді.

Біз, түптің түбінде, табиғаттың байлығына және күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге немқұрайлы қарайтын жағымсыз әдеттен біржола арылуымыз қажет. Тазалықты сақтау және табиғатты аялау ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Өркениетті елдердің бәрі осыны ұстанады.

– Бұл акцияға 3,8 миллионға жуық адам қатысты. 1,5 миллион тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,2 миллионнан астам қошет егілді. Осының өзі азаматтарымыздың сана-сезімі жоғары, олардың Қазақстанды өзгертуге нақты іспен үлес қосуға дайын екенін көрсетпей ме?

– «Таза Қазақстан» жобасының жүзеге асуына, ең алдымен, әкімдер жауапты. Елдімекендердің тазалығы тұрмыс сапасының жоғары екенін білдіреді. Мен аймақтарға барғанда қалалардың қалай абаттандырылғанына үнемі назар аударамын. Осы ретте «Таза Қазақстан» идеясы ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– Қоғамда бірыңғай уақыт белдеуі туралы түрлі пікір бар. Парламент пен Үкіметтің арасында осыған қатысты пікірталас жүріп жатқанын да білеміз. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Әрине, мен жағдайды көріп-біліп отырмын. Үкімет өз шешімінің орынды екеніне сенімді және Қазақстан бір уақыт белдеуінде болуы қажет деп санайды. Уақытты дұрыс пайдалану туралы Барселона декларациясында әртүрлі уақыт белдеуін енгізуге, оны қысқа және жазғы уақытқа ауыстыруға әуес болмау қажеттігі айтылған. Дегенмен азаматтарымыз өтініш білдіріп жатыр. Үкіметтің шешіміне қатысты ашық талқылаулар жандана түсті. Меніңше, қоғамда көзқарас қайшылығын тудыратын мұндай мәселелерді мұқият талқылау қажет. Сондықтан Парламентте ғалымдардың, сарапшылардың және аймақ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдау өтті. Тараптар уақыт белдеуін ауыстырудың ел экономикасына және азаматтардың тұрмысына әсері жөніндегі барлық пікірді ескере отырып, 1 наурызға дейін жан-жақты зерттеу жүргізуге уағдаласты. Содан кейін нақты ұсыныстар әзірленеді. Парламент пен Үкімет бұл мәселені байыппен зерделеп, ортақ әрі дұрыс шешімге келетініне сенімдімін.

– Сіз быттырғы сұхбатыңызда «Дербестікке және қосымша өкілеттікке не болуға ұмтылған Үкімет қалағанын алды. Бірақ «ал-мақтың да салмағы бар», олар өздеріне қойылатын талап та күшейетінін түсінуге тиіс» деген едіңіз. Үкіметтің жаңа құрамы жасақталғанына, міне, 11 ай өтті. Меніңше, бұл – белгілі бір пайым жасауға жеткілікті мерзім. Министрлер кабинетінің жұмысына көңіліңіз тола ма?

– Үкіметтің міндеті – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту. Жалпы алғанда, Министрлер кабинеті бұл міндетін орындап отыр. Экономиканы әртарапандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту сияқты бағыттар бойынша быттыр атқарылған жұмыстың нәтижелері жаман емес. Алайда бәрі мінсіз деуге келмейді, проблемалар да бар.

Мен министрлерден неғұрлым тиімді жұмыс істеуді және шешім қабылдағанда батыл болуды үнемі талап етемін. Қоғам да Үкіметтің жұмысына жоғары талап қояды. Бұл – өте орынды әрі қалыпты жағдай. Сондықтан Үкіметтің жұмысы нақты нәтижеге орай әділ бағаланады. Басты көрсеткіш – азаматтардың тұрмыс сапасы. Экономикадағы жетістіктер адамдардың күнделікті өміріне оң әсерін тигізбесе, оны әншейін сөз жүзіндегі жетістік деуге болады.

Жуық арада Үкіметтің кеңейтілген отырысы

өтеді. Сол кезде жылды қорытындылап, қазіргі мәселелерді талқылап, жаңа жоспарлар жасаймыз. Қазақстанға экономиканың 4 пайыздық өсімі аздық ететіні анық. Бұл туралы шетел өкілдеріне де айтып жүрмін. Үкімет экономиканы барынша дамыту үшін тың тәсілдер табуға тиіс.

– 2024 жылдың қараша айында теңгенің долларға шаққандағы бағамы 500-ден асып кетті. Оны белгілі бір психологиялық меже деуге болады. Ұлттық валюта бағамының тұрақсыздығына нарықтағы түрлі фактор әсер ететіні түсінікті. Дегенмен мұндай қаржы-валюта саясаты қаншалықты орынды? Бұл жағдай экономикалық реформаларды жүзеге асыруға бөгет болмай ма?

– Қазақстан әлем экономикасының ажырамас бөлігі болғандықтан, теңгеге сыртқы факторлар әсерін тигізбей қоймайды. Доллардың нығаюынан дамушы елдердің валютасы қысым көреді. Зер салып қарасақ, көптеген мемлекеттің валютасы қараша айынан әлдеқайда бұрын әлсірей бастады. Ал теңгенің бағамы ұзақ уақыт тұрақтылығын сақтап тұрды.

Біздің валюта бағамын қолдан ұстап тұру тәжірибесінен бас тартқанымызға біраз уақыт болды. Нарық факторларына байланысты еркін бағам қалыптастыру жолын таңдадық. Мен теңгені күшейту үшін еліміздің алтын-валюта қорын босқа ысырап ету орынсыз деп санаймын. Нарыққа қатысы бар кейбір құрылымдар теңге бағамын басқаруға қолайлы ету туралы ұсыныстар айтып жүр. Ұлттық банк пен Үкімет оның бәрін мұқият қарастырып жатыр. Мәселені зерделеген соң бұл бағыттағы ұстанымды өзгерту қажет не деген сауалдың жауабы белгілі болады. Басты мақсат – экономиканың тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, нақты секторды қарқынды дамыту, еңбек өнімділігін арттыру және тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашу.

Ашығын айтсам, экономист басшылардың қазіргі жұмысын орташа деп бағалаймын. Олар халықаралық қаржы институттарының тілімен әдемі сөйлейді, алайда нақты нәтижесі бар шаруа шамалы болып тұр. Қазір өңірлердегі ахуалды және экономиканың іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін жақсы білетін, яғни жергілікті жерде еңбек етіп, ысылған мамандар қажет. Быттыр 17 желтоқсанда Премьер-Министр Олжас Бектеновпен кездескенде осы мәселені талқыладық.

– Биыл Қазақстан оқиғасына 3 жыл толды. Содан бері көп нәрсе айтылды. Өзіңіз де бұл мәселеге егжей-тегжейлі тоқталдыңыз. Оны быттырғы сұхбатта да тілге тиек еттіңіз. Осыған қатысты өткір сауалдарға қайта-қайта жауап беру оңай емес. Дегенмен бұл тақырыпты айналып өтпейміз. Ел ішінде «Қаңтар оқиғасының құпиясы толық ашылған жоқ» деген пікір бар. Бұған не айтар едіңіз? Ондай қасірет қайталанабауы үшін не істеу қажет?

– Қаңтар оқиғасынан үш жыл өткенде азаматтарымыздың көпшілігі елімізде бұрын-соңды болмаған осы дүрбелең көпесте өлеуметтік әділетсіздіктің, саяси тоқыраудың, сондай-ақ қаскөйлердің шектен тыс менмендігінің және олардың халық пен мемлекет қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауының кесірінен орын алғанына әбден көз жеткізді. Өкінішке қарай, бұл – әлем тарихы үшін қалыпты жағдай. Мұндай жайттар Қазақстандағы оқиғаға дейін де болған, кейін де бола береді деп ойлаймын.

Қаңтар туралы түрлі долбарға толы алыпқашпа әңгімелер толастамай тұр. Оның үстіне, белгілі бір саяси есебі бар, сынаржақ ұстанымдағы кейбір адамдар деректерді бұрмалап, азаматтардың көңіл-күйін өз пайдасына бейімдеуге тырысады. Тәртіп орнатуға және ахуалды тұрақтандыруға қатысты батыл шаралар қабылдаған соң, мен құзырлы органдарға Қаңтар оқиғасының мән-жайын толық әрі шынайы тергеу-тексеру туралы тапсырма бердім. Тергеу ашық жүргізілді. Қылмыскерлер жазасын алды. Парламентте біздің арғы-бергі тарихымызды бұрын-соңды болмаған арнайы тыңдау ұйымдастырылды.

Алғашқы парламенттік тыңдау Қаңтар оқиғасынан кейін үш айдан соң, ал екіншісі бір жылдан кейін өтті. Тыңдау барысында мемлекеттік органдардың өкілдері ғана емес, құқық қорғаушылар да сөз сөйледі. Түрлі ой-пікір ашық айтылды, жайсыз сұрақтар қойылды. Мұның бәрі тікелей эфирде көрсетілді, бұл процесс туралы еліміздің және шет мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Билік халықтың көкейінде ешқандай күмән қалмауына мүдделі болғандықтан, мұндай қадамға саналы түрде барды.

Қаңтар оқиғасы туралы сөз болғанда, әр адам сол күндері көліктердің қирағанын, дүкендердің тонағанын, қаскөйлердің мемлекеттік ғимараттарды басып алғанын, сарбаздардың соққыға жығылғанын, қару-жарақтың ұрланғанын және әйелдердің зорлық-зомбылыққа ұшырағанын еске алуы керек. Жауапкершіліктен жұрдай саясаткерсмақтардың шыныдыққа жанаспайтын жалған ақпарат таратып, мемлекеттімізге шынымен де қатер төнген сәтті жұрттың жадынан өшүру үшін әрекет жасауына жол бермеу керек. Абырой болғанда, азаматтардың көбі күріштен күрмекті айыра алады. Мемлекетіміздің тірегі – осындай көзі ашық, көкірегі ояу адамдар.

Бір нәрсе анық, сол кезде тәртіпсіздікті бастаған және төңкерісті ұйымдастырған адамдардың қимылына дереу тосқауыл қойып, батыл әрекет жасамағанда, қазір Қазақстан дербестігі мен егемендігі әлдеқайда шектеулі, мүлде басқа мемлекетке айналар еді.

Біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік. Қаңтардағы оқиғадан бәріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз. Біріншіден, елдегі билік жұдырықтай жұмыла білуге тиіс, қосарланған билікке ешқашан жол берілмеуі қажет. Екіншіден, Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған менеджер ғана. Үшіншіден, жоғары мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді, соның ішінде күштік құрылым басшыларын мұқият іріктеу керек. Олар Отанымызға, яғни Қазақстан Республикасына адал болуға тиіс. Ең бастысы, «Зан мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел бірлігін күздік қарашығындай сақтап, әділдік қағидатын барынша орынқыту қажет. Бұл қағидатқа қарсы шығатындар «демократиялық құндылықтар» деген желеумен қоғамға іріткі салып, түбінде қазақ мемлекетінің жоюды көздейтіні айдан анық. Бұған еш көнуге болмайды. Заң үстемдігі – демократияның ең биік шыңы. Бұл мақсатқа жету оңай емес.

– Сіз Әділетті Қазақстанды құрып жатқаныңызды айттыңыз. Жалпы, әділдік дегенді қалай түсінесіз? Реформалардың түпкі мән-мағынасы неде деп ойлайсыз? Әділетті Қазақстан дегеніміз бәрін әлеуметтік тұрғыдан теңестіру ме, әлде әділ бәсекеге жол ашу ма?

– Ең алдымен, әділдік барлық елде және барлық заманда халықтың қалауы болғанын айта кеткен жөн. Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Жоғарыда айтқанымыздай, қасіретті оқиғаға дейін бізде әділдік деңгейі өте төмен болғаны рас.

Әділдік – бәрін теңестіру деген сөз емес. Менің ел байлығын әділ бөлу туралы ұстанымым меншік иелерін мүлкінен түгел айырып, активтерді қайта бөлу дегенді білдірмейді. Біз іштен іруге және жүргенсіздіктің белең алуына екеп соқтыратын мұндай жолмен жүрмейміз. Сондықтан кезінде бәз біреулерге орынсыз берілген артықшылықтар мен жеңілдіктерді алып тастау, заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару – populistтік қадам емес, керісінше, әділдік қағидасы негізінде Қазақстанды жаңғырту стратегиясы.

Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтық мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады. Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?

– Сіз тұңғыш президенттің қызметін, оның елге сіңірген тарихи еңбегін әділ бағалау қажеттігін бірнеше рет айттыңыз. Көпшілік мұндай ұстанымның орынды екенін біртіндеп түсіне бастады. Жалпы, Нұрсұлтан Әбішұлымен жиі хабарласып тұрасыз ба?

– Кез келген дәуірдің жақсы жағы да, көлеңкелі тұстары да бар. Біздің жаңа тарихымызда жарқын сәттер әлдеқайда көп болды. Бұл – ақиқат. Салыстырмалы түрде алғанда, қысқа мерзім ішінде мемлекеттіміздің берік тұғыры қалыптасты, билік институттары құрылды, жаңа астанамыз бой көтерді, шекаралары шегенделіп, заң жүзінде бекітілді. Көптеген елмен тиімді қарым-қатынас орнатылды, экономикаға шетелден инвестиция тартылды. Осы жетістіктің бәрін жоққа шығару дұрыс болмас еді. Біз әділетті мемлекет құрамыз десек, тарихқа да, оны жасауға атсалысқан азаматтарға да әділ қарауымыз керек. Мұның бәрі, тәттілер келгенде, ұлттың болашағы үшін қажет. Өткенді ой елегінен өткізіп, оны әділ әрі шынайы бағалай алмасак, алға



сеніммен қадам баса алмаймыз. Саяси ахуалдың ықпалымен өз тарихыңды көпе-көрінеу бұрмалай беруге болмайды. Ел шежіресін басынан бастап қайта жазу тіпті қауіпті.

Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл бойы ел тізгінін ұстаған уақытта кемшіліктер болды. Бірақ ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді. Ашығын айту керек, ол отставкаға кеткеннен, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болып отырған кезде саяси сыпайылықты сақтай бермейтін. Мұны да айта кеткен жөн. Үнемі Премьер-Министрді, Ұлттық банктің төрағасын, министрлерді, әкімдерді шақырып алып, жиналыс өткізетін. Бұған өз азаматтарымызды былай қойғанда, шетел басшылары мен дипломаттары да тандана қарайтын. «Назарбаев қызметінен кеткен соң тіпті жоғарылады, енді Президент те оған бағынады» деген әзіл әңгіме де пайда болды. Ал, шын мәнінде, бұл әзілдейтін жағдай емес еді.

Бұл жағдай қосарланған билік туралы алыпқашпа әңгіменің өршуіне әкеп соқты. Шеңеуніктер де кабинеттен кабинетке жүгіріп, кімнің тапсырмасын орындайтынын білмей дал болатын. Ол аз десеңіз, кейбір шеңеуніктер «Елбасы институты Президент билігінен жоғары тұруға тиіс» деп, ақылға сыймайтын жағдайды заң жүзінде негіздемеке болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың 2021 жылғы қарашада өткен Astana Club жиынында 92 жастағы Махатхир Мохаммадты мысалға келтіріп, өзінің Ақордаға қайтып келуі мүмкін екенін мәлімдеуін және бұрынғы президенттің сол жылы желтоқсан айында Санкт-Петербург қаласында өткен ТМД елдерінің саммитіне қатысуын нағыз билік дағдарысына әкеп соқтырған негізгі оқиғалар деуге болады. Соның алдында ғана жергілікті бір саясаттанушы оған «Елбасының алтын дәуірін» қалпына келтіру үшін батыл шаралар қабылдау қажеттігін айтып, араңдатушылық мазмұндағы хат жолдаған еді.

Алайда қазір парасаттылық танытып, Нұрсұлтан

болды. Қабылданған заңдардың ішінен қайсысы маңыздырақ деп ойлайсыз?

– Маңыздырақ деп деген болмайды, заңның бәрі маңызды. Сауалыңызға жауап ретінде мен өзімнің Жолдауларымда және Ұлттық құрылтайдың отырыстарында бастамашылық етіп, қабылдануына түрткі болған бірқатар заңды атап өтейін. Ол заңдар қоғам өкілдерінің, сарапшылардың белсене қатысуымен әзірленді және сонысымен маңызды. Осының өзі мемлекет пен азаматтық қоғамның заңнамаларды жетілдіру жолында тиімді серіктестік орната алатынын көрсетеді. Мысалы, әйелдердің құқығын қорғауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заң қабылданды. Бұл құжатта тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты, турасын айтқанда, маскара әрекеттердің тамырына балта шабу көзделген. Әйелдер мен балаларға қатысты қандай да бір зорлық-зомбылық жасағандарға жаза күшейтілді. Оған қоса, жас балаларды өлтірген немесе зорлаған адам өмір бойы бас бостандығынан айырылатын болды. Кәмелетке толмағандарды басынып, мазак қылғандар енді әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл талап алғаш рет заң жүзінде бекітілді.

«Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйенің заңнамалық негізін қалыптастыру үшін көп жұмыс атқарылды. Онда жинақталған қаржыны Қазақстанның және шетелдің колледждері мен жоғары оқу орнында білім алу, сондай-ақ тұрғын үй алу үшін жұмсауға болады.

Азаматтардың үсті-үстіне несие алып, қарызға батуына жол бермеуді көздейтін заң қабылданды. Соған сәйкес несиедің 90 күннен артық уақыт төлей алмай жүрген адамдарға кәсіпкерлікке қатысу жок несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ адамдар несие алуға өзіне өзі тыйым сала алатын болды. Медицина қызметкерлерін құқықтық жағынан қорғау шаралары күшейтілді, оларға берілетін

Мемлекеттік биліктің саяси жүйесін тандау – айрықша жауапты шешім. Мұндай шешімдер үркердей топтың оңаша басқосында емес, тек қана жалпыхалықтық референдумда қабылдануы керек. Менің «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдама Қазақстанның саяси жүйесіне ең қолайлы тұжырымдама екеніне сенімдімін. Бірақ оны толығымен жүзеге асыру үшін біз әлі талай жұмыс істеуіміз керек. Президенттік басқару тәсілі Қазақстан үшін қазір де, тауу кезеңде де ең ұтымды тәсіл деп сенемін.

Мемлекетіміздің тұрақты әрі орнықты дамуына зияны тиетін шешім қабылдауға менің де, сіз бен біздің де еш қақымыз жоқ. Мұндай мәселеге байланысты қателікке жол беруге болмайды. Түптеп келгенде, Конституцияға енгізілген өзгерістің бәрі – Парламенттің реформалануы, ауыл, аудан және қала әкімдерінің сайлануы, Ұлттық құрылтайдың құрылуы және, ең бастысы, заң үстемдігінің басымдыққа айналуды – осының барлығы саяси тоқырауға ұшырамауға сенімді кепілдік береді.

– Елімізде мерзімінен бұрын парламент сайлауы бола ма? Бұл туралы қазір жиі айтыла бастады.

– Мұндай болжамдар бар екенін білемін. Бұл ақпарат әдейі таратылып жатыр деп ойлаймын. Біздің елде жаңа Үкімет жұмысына кіріскен бетте оның отставкаға кететіні туралы әңгіме тарайды. Парламент туралы да дәл солай деуге болады. Мен Парламент депутаттары азаматтық және саяси жауапкершілік танытып, жақсы жұмыс істеп жатыр деп ойлаймын. Ал Үкімет – ауыс-түйіске бейім құрылым. Оның құрамында түрлі жағдайға, оның ішінде «AMANAT» партиясының және Парламенттегі басқа да партиялардың ұстанымына байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

Меніңше, Парламент сайлауын мерзімінен

ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Назарбаевтың Қазақстанға сіңірген тарихи еңбегін лайықты бағалау керек. Мен Президент ретінде мемлекет мүддесін басышылыққа алуға, ел бірлігін бөрінен биік қоюға міндеттімін.

Сіздің сұрағыңызға келсек, қазір біз шамамен айна бір рет телефон арқылы сөйлесіп тұрамыз.

– **Жақында тұңғыш президенттің Мәскеуге барып, Владимир Путинмен кездесуін жұртшылық сан-саққа жүгіртті. Биліктен кеткеннен кейін бес жылдан соң бұлай жүзесудің ақылға сыймайтыны айтылды. Қазақстанда алдағы уақытта Президент сайлауы өтеді-міс деген болжамдар да пайда болды. Мұндай кездесу кімге және не үшін қажет, бұған кім бастамашы болды? Сіздің пікіріңізді білесек.**

– Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путиннің желтоқсандағы кездесуі өткен жылдағы екінші жүзесуі ғой деймін. Күз басындағы бірінші кездесу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылған жоқ. Олар байырғы достар әрі әріптестер ретінде жүздесетін болса керек, ортақ әңгімелері де бар шығар. Мұндай кездесулер әдетте Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен өтеді. Ол үшін мұның маңызы зор. Бұрынғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, партия басшысы және егемен Қазақстанның президенті ретінде Нұрсұлтан Әбішұлының Кремльмен тығыз моральдық және саяси байланысы барын естен шығармаған жөн. Оның талай уақыты Мәскеуде өтті, сан мәрте іссапарға барды, съезд және пленум отырыстарына қатысты, жұмыс бабымен және ресми сапарлармен де болды.

– **Сіз «Заң мен тәртіп» қағидасы туралы жиі айтасыз. Кейбіреулер мұны қоғамға «қылбурау салу» деп қабылдап жатыр. Бұған не айтар едіңіз?**

– «Заң мен тәртіп» қағидасы құқық қорғау саласына ғана арналған деп тұжырымдаған дұрыс болмайды. Мен бұл қағиданы тереңірек түсінемін. «Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Бұл ретте жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамға жаппай бақылау орнату туралы айтып отырған жоқпыз. «Заң мен тәртіп» қағидаты, шын мәнінде, кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі. «Заң мен тәртіпке» бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмаймыз.

Сондықтан біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру. «Заң мен тәртіпті» берік орнықтыру үшін көп уақыт пен күш-жігер қажет екенін түсінемін. Себебі бәрі бірдей бұл қағидаты қатаң ұстануға, оны өмір салтына айналдыруға әлі дайын емес. Бірақ талаптанған адам қалайда мұратына жетеді.

– **Талғардағы қылмыстық оқиға ел ішінде үлкен дүрбелең тудырды. Жұртшылық Сіздің осы жағдайға қатысты пікіріңізді білгісі келеді.**

– Қайталап айтамын, елімізде «Заң мен тәртіп» қағидаты мызғымастай орнығуға тиіс. Мен Талғар оқиғасына дейін жариялаған Жолдауымда құқық қорғау органдарынан қылмыс пен қарақшылықтың тамырына балта шабуды талап еттім.

Қаңтар оқиғасы кезіндегі жаппай тәртіпсіздікті қылмыстық топтар жасағанын естен шығармаған жөн. Мемлекет ұйымдасқан қылмыспен ымырасыз күрес жүргізуге шамасы жететінін соңғы екі жылда анық көрсетті. Аса қауіпті қылмыстық топтар әшкереленіп, құрықталып жатыр. Олардың сыбайластары мен қаржы көздері де анықталып отыр. Былтыр 246 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың 30 басшысы бар. Бұл жұмысты мен ерекше бақылауда ұстап отырмын.

Талғардағы оқиғадан кейін құқық қорғау органдары қажетті шаралардың бәрін қабылдады. Күдіктілер қамауға алынды. Тергеп-тексеру жұмыстары аяқталуға жақын. Көп ұзамай осы іске қатысты сот болады. Бұл оқиғаға орай құзырлы органдар қабылдаған барлық шара заң талаптарына толық сай келеді. Ал басқанын бәрі – құр қадырт пен теріс пығдылы кейбір топтардың осы жағдайға саяси сипат беруге деген ұмтылысы ғана. Бұған жол беруге болмайды.

Осы оқиғаға қатысы бар азаматтар бойынша мына мәселені еске салғым келеді. Қазақ халқы шетелден келген отандастарын «қандасым» деп, күшқак жая қарсы алды. Тарихи Отанына орыналған Қазақстанның заңдарына қатаң бағынып, қоғамдық тәртіпті сақтап, заңсыз әрекеттерден аулақ болуы керек. Олар бұрын өздері тұрған елде биліктің талабын сақтап, ондай әрекет жасаған жоқ қой?!
– **Былтыр көптеген заңнамалық жаңалық**

әлеуметтік кепілдіктер жақсарды. Балалар мен жастардың арасында жаппай тарап, нағыз індетке айнала бастаған вейпертерді сатуға және таратуға тыйым салынды.

Есірткі өндіргені үшін берілетін жаза қатайды. Ондай қылмыс жасағандар 15–20 жылдан бастап өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін жазаланды. Есірткінің белгілі бір жерге тығып кететін қуырерлер мұндай қылмысты алғаш рет жасаса және әрекетінің салдары ауыр болмаса, 5 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Лудоманиямен күреске қатысты заң күшіне енді. Құжатта бумкерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына едәуір шектеу қойылды, кәмелетке толмағандарды құмар ойынға тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді, ағы-жөні борышкерлердің бірыңғай тізіміне енгізілген адамдардың құмар ойын ойнауына тыйым салынды. Бұл шаралар талай шаңырақты шайқалтқан, адамдарды қылмыс жасауға, өзіне қол жұмсауға итермелеген ойынқұмарлықтың таралуымен күресуге арналған.

Тағы бір маңызды заңнамалық жаңалық – бұзақылық және вандализм жасаған, біреудің мүлкін қасақана бұлдірген адамдарға берілетін жаза қатайды. Мұның бәрі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және заң талаптарына бағынатын азаматтардың құқығын қорғау тұрғысында маңызды. Сонымен бірге заңнамалық толықтырулардың нәтижесінде 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер бойынша үш дербес қасациалық сот жұмыс істей бастайды. Осылайша, азаматтар мемлекеттік органдар тарапынан бұзылған өз құқықтарын қорғай алады.

Былтыр көптеген маңызды заңнамалық бастамалар жүзеге асырылды. Алайда заңның қабылдануы істің басы ғана, сол заңдардың іс жүзінде жұмыс істеуі одан әлдеқайда маңызды екенін түсіну керек. Бұл ретте, заң талаптары қоғамның сұранысына сай болса ғана сақталды. Сондықтан бұл биыл да халықтың үмігі мен мүддесін және елімізді дамыту жолындағы басымдықтарды негізге ала отырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастырамыз.

– **Сіз реформалардың үздіксіз жалғасатынын бірнеше рет айттыңыз. Ауыл шаруашылығы өнбеккерлерінің алғашқы форумында елімізді одан әрі жаңғырту үшін тың бастамалар көтеріліп, шешімдер қабылданатынын аңғарттыңыз. Бұл қандай бастамалар? Саяси реформалар жалғаса ма?**

– Соңғы бес жыл бойы жүргізілген реформалар – азаматтарымыздың негізгі сұранысы мен мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған мүддесіне негіздеп отырып мұқият ойластырылған стратегия. Оның саяси астары жоқ.

Негізгі саяси реформалар жасалып бітті. Оның бәрі қоғамда жан-жақты талқыланып, ақырында көпшіліктің қолдауына ие болды. Соның арқасында негізгі саяси институттардың бәрі ашық әрі тиімді бола түсті, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тежемелік жүйе күшейді, ең бастысы, азаматтардың саяси өмірге белсенді араласу мүмкіндігі едәуір артты.

2022 жылғы маусым айында өткен референдумның нәтижесінде Конституция баптарының үштен бірі жаңартылып қалғанға сала кетейін. Мұның өзі реформаның қаңшалықты ауқымды екенін көрсетеді. Қазіргі таңда көптеген реформа іс жүзінде жүзеге асырылып жатыр. Біздің бағытымыз айқын, мақсатымыз белгілі. Соған сәйкес, алғашқы нәтижелер де бар. Бірақ реформа – ұдайы жүретін үдеріс. Қоғамда нақты сұраныс болса, жаңа реформалар әзірленеді. Реформалар елді өркендету ісінің ажырамас бөлігі болған, бола да береді.

– **Мен халыққа Жолдауымды жариялағанда мемлекетімізді одан әрі дамытуға қатысты тың бастамалар ұсынамын. Ұлттық құрылтайдың отырыстарында азаматтардың көкейіндегі өзекті мәселелерге баса назар аударып жүрмін. Биыл да солай болады.**

– **Қазақстанды парламенттік басқару жүйесіне көшіру үшін іргелі реформа дайындалып жатыр деген ақпарат тарайды. Шынымен солай ма?**

– Әрине, парламенттік басқару жүйесі де жұмыс жүргізуге қақылы. Бұл жүйе Еуропадағы, тіпті Азиядағы бірқатар елде әбден орыннып, тамырын теріске жайған. Бірақ биліктің әмбебап формуласы жоқ. Әр мемлекет саяси жүйесін тандаған кезде төл тарихына, ұлттық болмысына, саяси тәжірибесіне сүйенеді. Менің аппаратым әлемдік тәжірибені мұқият зерделеп жатыр. Посткеңестік елдерде парламенттік басқару жүйесі жасас қырын көріне алған жоқ деген пікірге келіссіз деп ойлаймын. Грузиядағы соңғы оқиғалар осы пайымға нақты дәлел бола алады.

бұрын өткізуге әзірге еш негіз жоқ. Сайлау заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес өтеді. Парламент өзіне тиесілі мерзім аясында қызметін атқаруға құқықты. Ал Үкімет бекітілген бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес әрекет етіп, оң нәтижеге жету үшін жұмыс істеп жатыр. Стратегиялық міндет – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің өндірідегі көпбасшы мәртебесін нығайту.

– **Әркім өзінің жеке басының жағдайына қатысты мәселелерге көбірек мән береді. Тауу арада азаматтардың талап-тілегіне, қалауына сай келетін қандай жобалар қолға алынбақ?**

– Біздің реформаларымыздың, экономиканы дамыту үшін қабылдап жатқан шараларымыздың бәрі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды, тұрмыс сапасын арттыруды көздейді. Басқа мақсат жоқ, бұл – Үкіметтің ең басты міндеті.

Былтыр жазда 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспары қабылданғанын қаперіңізге сала кетейін. Онда жалпы инвестиция көлемі 40 триллион теңгеден асатын 200-ден астам жобаны жүзеге асыру қарастырылған. Биыл ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі салынып бітеді. Бұл жоба еліміздің көлік-транзит инфрақұрылымын түбегейлі өзгертеді. Осы бағыттағы темір жолдың жүк тасымалдау мүмкіндігі 5 есе артады, контейнер пойыздары жүкті бұрынғыдан едәуір жылдам жеткізетін болады. Бір айта кетерлік, мұндай ауқымды жоба алғаш рет өз жобалаушыларымыздың, инженерлеріміз бен құрылысшыларымыздың күшімен жүзеге асырылды. Сондай-ақ Алматы бекетін айналдырған темір жолдың құрылысы аяқталады. Бұл жоба Алматы темір жол торабына түсетін салмақты едәуір азайтып, жүк жеткізу мерзімін қысқарталды. Жолаушылар тасымалының сапасын арттыру үшін вагондар жаңартыла береді. Биыл энергетика саласында жалпы қуаты 600 мегаваттан асатын ірі жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. «Жасыл энергетика» саласы да зор серпінге ие болады. Шетел инвесторларымен жел, күн және су электр стансаларын салу туралы келісімдеріміз бар.

Теңіз кенішін келешекке кенейту жобасының құрылысы аяқталады. Мұнай өңдеу, мұнайгаз-химия саласын дамыту ісіне баса назар аударылады. Атап айтқанда, Ақтау битум зауытының өндірістік қуаты арта түседі. «Талдықорған – Үшарал» магистралы газ құбыры, «Жаңаөзен – Ақтау» газ құбырының төртінші желісі, сондай-ақ Атырау облысындағы автоматтандырылған газ тарату стансысы пайдалануға беріледі.

Машина жасау саласын дамыту жұмыстары да жалғасады. Әлемге әйгілі брендтерге тиесілі автокөліктер құрастыратын жаңа өндіріс орындары іске қосылады. Қостанайда іштен жану қозғалтқышына қажетті шойын құймалар және жетекші белдемнің бөлшектері шығарыла бастайды.

Экономиканы дамуына зор серпін беретін ірі инфрақұрылым нысандарын салуға Ұлттық қордың қаражатын жұмсауға болады, дұрысы, жұмсау қажет деп санаймын. Бұл қор ақшаны шетелдің қаржы институттарында қатпар-шотпар сақтау үшін емес, осындай мақсаттарға жұмсау үшін құрылған жоқ па?!

Мемлекет тұрғын үй құрылысы саласын одан әрі дамыту, баспаналарды қолжетімді ете түсу үшін шаралар қабылдайды. Кезекте тұрған азаматтарды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыс жалғасады. 2029 жылға дейін жыл сайын 10 мың адам осындай баспанға ие болады деп жоспарланған. Мен жақында тұрғын үй саясатына қатысты түзетулер енгізілген заңға қол қойдым. «Отбасы банк» баспанға мұқтаз адамдарды «бір терезе» қағидаты бойынша тізімге алумен және оларға баспана бөлуден айналдырып отырып қамтамасыз ету үшін институтына айналды.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де баса назар аударылады. Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртуға арналған ұлттық жобаның аясында ауылдық жерлерде медицина нысандарын салу жұмыстары жалғасады. Елімізде 460 мың оқушыға арналған 217 жайлы мектеп салу жоспарланған. Оның 105-інің құрылысы аяқталды. Мақсатымыз – апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқытатын мектептер мәселесін, сондай-ақ мектептегі орын тапшылығына қатысты түйткілдерді толығымен шешу.

Бір ай бұрын 2025–2027 жылдарға арналған Республикалық бюджет қабылданды. Құжатта әлеуметтік бағытты басымдық ретінде сақталды. Онда денсаулық сақтау, білім беру саласына және әлеуметтік қажеттіліктерге өте қомақты қаржы қарастырылған.

– **Цифрландыру ісін қолға алып, жасанды интеллектті енгізбесек, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мүмкін емес екенін қазірдің өзінде түсінікті. Еліміз болашақта осы салада не істей алады?**

– Азаматтарымыз мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтерді цифрландыру ісінің артықшылықтарын жақсы біледі. Электронды үкімет сайтындағы қолжетімді қызметтердің тізімі үнемі толықтырылып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының рейтингінде Қазақстан E-government-ті дамыту көрсеткіші бойынша әлемде 24-ші орын иеленді. Бұл – тәуір нәтиже, бірақ оған тоқмейілісіп, арқаны кеңге салуға болмайды. Көрсеткіштерді барынша жақсарту керек. Мен мұны Үкіметке жиі айтып отырамын. Бұдан бөлек, еліміздегі банктер де адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін едәуір жеңілдету түсу үшін өздерінің цифрлық экосүйесін қалыптастырып жатыр.

Қазақстан экспортындағы IT-қызметтер саны артып келе жатқаны көніл қаттырады. Astana Hub табысты жұмыс істеп тұр. Бұл технопарк бір жарым мыңнан астам компанияның басын біріктіреді. Оның үштен біріне жуығы – шетелдік компания. Осылайша, еліміз жаңандық цифрлы көшпенділер үшін қолайлы мемлекетке айналды келеді.

Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі ең ірі цифрлы хабың бірі бола алады. Оған мүмкіндігіміз толық жетеді. Ол үшін жасанды интеллект технологияларын дамыту керек. Болашағы зор жобалар қазірдің өзінде бар. Мысалы қазақ тілінің KazLLM атты цифрлы тіл моделінің алғашқы нұсқасы жасалды. Бұл – қазақ тілінде ойлап, сараптама жасап, қазақша сөйлесе алатын жасанды интеллект. Осы бағыттағы жұмыстар жалғаса береді.

Жыл соңына дейін жасанды интеллектіңің Alem. AI атты халықаралық орталығы ашылады. Бұл орталық инвестиция тартатын, әлемдік тәжірибені

және инновацияларды енгізетін орынға айналуы керек.

Тауу жылдарда жасанды интеллект өте қарқынды дамып, жұрттың өмір туралы ұғымын, тіпті тұрмыс-тіршілігін де түбегейлі өзгертетінін ескерген жөн. Милы машиналар, яғни интеллектісі жағынан адамды он орайтын роботтар пайда болатын күн алыс емес. Оның үстіне бұл роботтар эмпагтияға, яғни сезіну және эмоция білдіру сияқты адамға тән қасиеттерге ие болады.

Жастарға мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жасанды интеллект технологияларын қолдана білуді үйрету маңызды. Былтыр еліміздің 15 университетінде Google компаниясының жасанды интеллект жөніндегі курстары енгізілді. Осы саланың мамандарын даярлау үшін арнайы бағдарлама әзірлеу мәселесі пысықталып жатыр (AI-Sana).

Нейрожүйелердің пайдасы ұшан-теңіз болғанымен, одан туындайтын қатерлер де бар. Мысалы, алаяқтар фото-бейнежазбалар жасап, адамның дауысын келтіру үшін де соны пайдаланады. Сондықтан көптеген мемлекет жасанды интеллект технологияларының қолданылу аясын заңмен реттеуге кірісті.

Біздің депутаттарымыз да жасанды интеллект туралы заң әзірлеу керек деп бастама көтерді. Осы маңызды жұмыспен тиянақты түрде, мұқият айналысу қажет. Жасанды интеллектті жауапкершілікпен қолдану қағидаларын жасап, оның этикалық мәселелерін жан-жақты ойластыру керек. Бірақ осы саланы реттегенде жасанды интеллекттің шектеуге емес, керісінше, оны дамыту жағына мән берілуге тиіс. Бұл технологияларды кенінен қолданысқа енгізу орасан зор мүмкіндіктерге жол ашады. Оны қалт жібермей, игілікке жарату қажет.

– **Сіз бизнесті қолдау мәселесіне ерекше мән бересіз. Инвесторлармен, кәсіпкерлермен кездесесіз. Еліміздегі кәсіпкерліктің даму үрдісіне көңіліңіз тола ма?**

– Мен инвестиция және бизнес саласындағы ахуалды жақсартуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға айрықша назар аударамын. Күздегі Жолдауымда Үкіметке осыған қатысты нақты тапсырмалар бердім. Былтыр сәуірде кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін бизнесті жүргізу мәселесіне қатысты заң қабылдадық. Қазір мемлекеттік бақылау жүйесін ретке келтіріп жатырмыз. Бұрынғыдай заңсыздықтарды тексеру емес, оның алдын алуға көбірек басымдық беріліп отыр. «Басынан бастап реттеу» тәсілі енгізіліп жатыр. Кейбір экономикалық қылмыстар қылмыс санатынан шығарылды, экономикалық құқық бұзушылықтың 29 түрі бойынша қамауға алу қазасын қолдануға тыйым салынды. Мұның бәрі кәсіпкерлердің мүддесі үшін жасалды.

Мемлекет субсидия, жеңілдетілген несие және кепілдендірілген қарыз беру арқылы шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіп отыр. Шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі үздіксіз артып келеді. Бүгінде осы бизнестің өкілдері 4,3 миллион адамға, яғни еңбек етіп жүрген азаматтардың он жартысына жуығына жұмыс тауып беріп отыр. Сондықтан кәсіпкерлік бастамалар ел экономикасының негізгі қозғаушы күшіне айналды келеді деп сеніммен айтуға болады.

Мемлекет ірі бизнесті де дамытуға мүдделі. Осындай кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі де, жергілікті қауымдастықтармен ұзақ мерзімге арналған серіктестік қатынас орнатуға деген құлшынысы да зор. Бұл – қуанарлық жағдай. Мемлекет пен бизнестің ықпалдастығы арқылы көптеген әлеуметтік мәселе шешімін тауып жатыр.

Қазақстанда өз жұмысына жаңа технологияларды енгізіп жүрген озық ойлы кәсіпкерлердің жаңа буыны пайда болды. Мұндай кәсіпкерлер әлемдік бәсекеге түсуге де қабілетті. Қазір шетелдік бизнестің Қазақстанда өз өкілдігін ашып жатқаны да көніл қуантады. Бұл жағдай отандық нарыққа халықаралық сипат беруге,



МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

← *(Соңы. Басы 1,2,3-беттерде)*

Бұл оның алдындағы жылмен салыстырғанда 88 пайызға артық. Біз Солтүстік және Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отырмыз. Аймақтағы шетел инвестицияларының үштен екісіне жуығы, яғни 63 пайызы Қазақстанның еншісінде.

Мен бизнес өкілдерімен, инвесторлармен алдағы уақытта да кездесетін боламын. Олардың жасампаз бастамаларын қолдаймын. Үкімет пен барлық мемлекеттік органдардан да осыны, яғни бизнеске құлақ асып, онымен үйлесімді жұмыс жүргізуді, болашағы зор жобаларға қаржы салатын кәсіпкерлер мен инвесторларға қолдау көрсетуді талап ететін. Бизнеске мүлде қысым көрсетілмеуі керек. Шенеуліктер мен күшікті құрылымдардың қызметкерлерін мұндай әрекеттері үшін жазалап жатырмыз, алдағы уақытта да жауапкершілікке тартатын боламыз. Ал кәсіпкерлер алаяқтық жасамай, заң аясында жұмыс істеуге тиіс.

– **Қоғамда сыбайлас жемқорлық туралы жиі айтылады. Оған қарсы белсенді күрес жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Жалпы, шенеуліктердің ұсталғаны туралы түрлі ақпараттар елімізде жемқорлық өршіп тұрғандық әсер қалдырады. Шынымен де солай ма?**

– Сыбайлас жемқорлықпен жұйелі түрде күресу – аса қажетті жұмыс. Бұған еш күмән жоқ. Мемлекет жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық фактілерін анықтау ғана емес, жемқорлықтың алдын алу үшін жұмыс жүргізіп жатыр.

Қазақстан жемқорлыққа қарсы күрес жолында ең озық халықаралық стандарттарды, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы енгізіп жатқан талаптарды басшылыққа алады. Бұл – өте жоғары талап, біз соған сай болуымыз керек. Бұған қоса, мен сыбайлас жемқорлықпен күресуге жауапты мекеменің басшыларына науқаншылыққа салынбай, байыпты шешімдер қабылдау қажеттігін үнемі айтып отырамын. Өйткені әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұр.

Ал шенеуліктердің ұсталғаны туралы ақпараттың жиі шығуы біліктің абыройына белгілі бір деңгейде нұқсан келтіргенімен, мемлекеттің ашық жұмыс істейтінін көрсетеді. Бірақ мұндай қадамсыз «Заң мен тәртіп» қағидағарына негізделген әділетті мемлекет құру мүмкін емес.

– **Қазақстан мен Ресейдің арасында ежелден тығыз экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынас орныққан. Былтыр қараша айында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Бұл сапар біздің елде де, шетелде де жұрттың жіті назарында болды. Сондағы келіссөздердің нәтижесін қалай бағалайсыз?**

– Ресей Президентімен өткізген келіссөздер аса мазмұнды болды. Біз сауда-экономика, көлік-логистика, энергетика, мәдениет, білім беру және басқа да салалардағы ынтымақтастық мәселелерін жан-жақты талқыладық. Астанаға Ресей Үкіметі мүшелерінің жартысына жуығының келуі Ресей үшін Қазақстанның стратегиялық маңызы жоғары екенін көрсетеді.

Келіссөздердің нәтижесі туралы көп жазылды, көп айтылды. Әрине, біраз дүние ақпарат құралдарына шыққан жоқ. Владимир Путинмен бейресми жағдайда төрт сағат әңгімелестік. Бұл кездесуде екі жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік туды. Сондай-ақ әңгіме барысында халықаралық проблемалар бойынша өзара түсіністігіміз бекемделе түсті. Мен Қазақстанның көп жақты саясатының мәнін ашық айтып, Ресеймен стратегиялық серіктестігімізді және одақтастық қарым-қатынасты дамыту туралы ұстанымға берік екенімізді жеткіздім.

Президент Путин – тәжірибелі мемлекет қайраткері. Ол Қазақстанның ерекшелігін және Орталық Азия аймағындағы ең ірі экономикасы бар маңызды ел екенін жақсы түсінеді. Сондықтан Ресей біздің елмен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарын нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Басқаша болуы да мүмкін емес. Себебі екі ел арасын құрлықтағы ең ұзын үздіксіз шекара қосып жатыр.

Владимир Путиннің шетелге сапарының ең көбі біздің елге жасалғаны, яғни оның Қазақстанға 33 рет келгені де көп жайттан хабар береді. Бұдан бөлек, біз телефон арқылы сөйлесеміз, халықаралық форумдар аясында кездесеміз. Бір сөзбен айтқанда, үнемі хабарласып отырамыз.

Мұның бәрі Қазақстанға да, Ресейге де қажет. Өйткені бұл екі ел басты рөл атқаратын Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін керек.

– **Сіз Атом энергетикасына қатысты референдум кезінде ақпарат құралдарының алдында сөз сөйлеп, атом электр стансасын салуға озық технологиясы бар шетел компаниялары тартылау дедіңіз. Халықаралық консорциум құрылатын болды. Үкімет қай компанияларға басымдық беретінін айқындады ма?**

– Владимир Путиннің Астанаға сапары кезінде бұл мәселе де талқыланды. Жобаға тапсырыс беруші ретінде Қазақстан жағы Консорциумда бас оператор болады деп уағдаластық. Атом стансаларын салуға байланысты шетелдерде тәжірибесі мол, білігі жоғары «Росатом» компаниясының жобаға қатысуы мүмкін екені айтылды. Сондай-ақ Қытайдың азаматтық мақсатта қолданылатын ядролық нысандар салу ісіндегі зор жетістіктері ескеріле отырып, осы елдің компаниясымен де келіссөз жүргізіліп жатыр. Жобаға басқа да мемлекеттердің, оның ішінде Батыс елдерінің корпорациялары қызығушылық танытып отыр.

Биыл конкурстық рәсімдер өткізіледі. Содан кейін Үкімет түпкілікті шешім қабылдайды. Қазақстанға қуатты атом стансасы қажет екені анық, мен бұған сенімдімін. Оған қоса, таяу арада екінші, тіпті үшінші атом электр стансасын салуымыз мүмкін екенін жоққа шығармаймын. Ядролық өнеркәсіп саласы қазірдің өзінде энергетика тапшылығына тап болып отырған экономикамызды өркендетуге зор серпін береді. Қазақстан ядролық энергетикасы дамыған елге айналуы қажет деп санаймын. Оның болашағы зор.

– **Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің елімізге жасаған мемлекеттік сапары өткен жылдың тағы бір маңызды оқиғасы болды. Сондағы келіссөздердің басты нәтижесі қандай? Ақпарат құралдарында Төраға Си екеуіңіздің екі ел үкіметтеріне өзара сауда айналымын ескі есе арттыру жөнінде міндет жүктегендеріңіз айтылды. Бұл қол жеткізуге болатын меже ме?**

– Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің біздің елді жақсы білетінін, қазақ халқына ілтипатпен қарайтынын атап өткен

жөн. Біз екі жақты қарым-қатынасқа, өңірлік және халықаралық ахуалға қатысты барлық мәселені емен-жарқын талқыладық. Ешқандай көзқарас қайшылығы жоқ. Қытай үшін Қазақстан – аса маңызды стратегиялық серіктес. Қарқынды әрі жан-жақты дамып келе жатқан қазақ-қытай ынтымақтастығы, шын мәнінде, мәңгі стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Мұның Қазақстан мүддесіне сай келетіні сөзсіз.

Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары кезінде Төраға Си Цзиньпин Қытайдың елімізге ешқашан зиянын тигізбейтінін, біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді барынша қолдайтынын атап өтті. Бұл – өте маңызды мәлімдеме.

2023 жылы Қазақстан мен Қытай арасында өзара визасыз режим орналыды. Жаңа бастама алыс-берісті дамытуға және екі халықтың достығын нығайтуға оң әсерін тигізіп жатыр. Қазақстан азаматтары Қытайды алаң қырынан танып, оның технологиялық тұрғыдан алып мемлекетке айналғанына көз жеткізе бастады. Қытай жұрты да біздің отандастарымызға достық пейіл танытып отыр.

Қытаймен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту қазақ дипломатиясындағы маңызды міндеттің бірі болып қала береді. Бұл мемлекет – Қазақстанның негізгі сауда серіктесі, сондай-ақ экономикамыздағы ең ірі инвестордың бірі. Өзара сауда айналымын екі есе арттыруға барлық мүмкіндік бар. Ең бастысы, екі ел басшыларының саяси ерік-жігері жеткілікті. Сондықтан аталған мақсатқа жетуге әбден болады.

Жоғары деңгейдегі диалог 2025 жылы да жалғасады. Төраға Си Цзиньпин «Орталық Азия – ҚХР» саммитіне қатысады деп жоспарланып отыр. Оның Қазақстанға алдағы сапары, сондай-ақ биыл күзде Қытайда өтетін келіссөздер екі елдің сан салалы ықпалдастығын одан әрі нығайтуға септігін тигізеді деп сенемін.

– **Сіз желтоқанның басында Дональд Трамптен телефон арқылы сөйлестіңіз. Соңғы айларда сарапшылар оның Ақ үйге екінші рет келуі Американың саясатына және әлемдегі ахуалға қалай әсер ететініне қатысты түрлі пікір айтып жүр. Осы орайда қазақ-америка қатынасы таяу жылдарда қалай өрбиді деп ойлайсыз? Оған АҚШ-тың Қытаймен және Ресеймен күрделі қарым-қатынасы әсер етпей ме?**

– Иә, Президент Дональд Трамптен мазмұнды әрі ашық әңгіме болды. Ол Қазақстанға АҚШ-тың маңызды стратегиялық серіктесі ретінде жақсы қарайтынын сеніммен айта аламын. Біз жоғары деңгейде жұмыс бабындағы байланыста боламыз деп уағдаластық. Трамп және оның командасы халықаралық саясатқа жаңа көзқарастар орнықтырып, тың тәсілдер енгізумен айналысады. Мұның бәрі әлемдегі ахуалға ықпал етері анық.

Мен қазақ-америка қарым-қатынасын нығайтуға өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың ортасынан бері аталысып келемін. Өзара ықпалдастықты нығайту жолындағы отыз жылдан астам уақытта басшылықтарға, яғни сауда-экономика, инвестиция саласындағы ынтымақтастыққа, ядролық қаруды таратпау және қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне қатысты ортақ ұстаным қалыптасты. Ақ үйдің жаңа басшылығымен біресе атқарылатын жұмысқа да осы мәселелер арқау болады.

Телефонмен сөйлескенде Дональд Трамп Украинадағы әскери іс-қимылды тоқтатуға қатысты біздің пікірімізді сұрады. Бұл – мен үшін тың тақырып емес. Өйткені 2024 жылы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың көптеген басшысы менен осы жөнінде сұраған болатын. Ерекше жағдай қалыптасып отыр: Ресей әскери тұрғыдан жеңілмейді, ал Украина Батыстағы одақтасының көмегімен соғыста беріспей, тым болмағанда жеңіліп қалмаудан үміттеніп отыр. Сондықтан бұл мәселенің айрықша күрделі екенін, оның шешімі қаттығысып жатқан екі ел басшыларының ерік-жігеріне және әлемдік держава көшбасшысы ретінде Трамптың өзінде де байланысты екенін айттым. Қазақстан Украинада әскери іс-қимыл басталған сәттен-ақ бейбітшілікті орнату үшін келіссөздер жүргізу қажеттігін айтып келе жатқанын атап өттім.

Біз еш жерде ара ағайын атануға өзіміз сұранып, ұмтылмайтынымызды қадап айтуға тиіспін. Халықаралық аренада Қазақстанның әлеуеті мен мүмкіндіктеріне қарай әрекет жасаймыз. Бірақ халықаралық мәселелердің шешілуіне жәрдемдесуге әрдайым дайынбыз. Әрине, халықаралық аренадағы күрделі ахуал біздің белгілі бір елдермен сауда және саяси қарым-қатынасымызға салқынын тигізеді. Сондықтан біз сыртқы үрдістердің жағымсыз ықпалын азайтуға тырысамыз. Қазақстан мүдделі мемлекеттердің бәрімен өзара тиімді прагматикалық байланыс орнатуды көздейді.

– **Түркі елдері ынтымақтастығының аясы үздіксіз кеңейіп келеді. Былтыр Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымының төрағасы ретінде бауырлас елдердің байланысын бекемдеуге едәуір үлес қосты. Түркі әлемінің алдағы ықпалдастығы жолында Қазақстан қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?**

– Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымының бастауында болды. Осы ұйымға мүше елдер – біздің көршілеріміз әрі маңызды геосаяси серіктестеріміз.

Біз төрағалық еткен кезде саяси және сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге баса мән бердік. Бірқатар ауқымды жобаны жүзеге асырдық, 80-нен астам іс-шара ұйымдастырып, нақты нәтижеге қол жеткіздік. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Оқу орнындары мен академиялық құрылымдардың, шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің арасында тығыз байланыс орнады. 2021 жылы түркі әлемінің рухани астанасы болып жарияланған көне Түркістан қаласы халықтарымыздың достығын нығайту ісінде айрықша рөл атқарады.

Соңғы 10 жылда Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің арасындағы алыс-беріс айтарлықтай артты. 2024 жылы өзара сауда-саттық көлемі 45 миллиард доллардан асты. Елдеріміз Транскаспий халықаралық көлік дәлізінде маңызды рөл атқарады. Біз энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты күшейтуді көздеп отырмыз.

Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде «TURKTIME» ұранын ұсынды. Бұл аббревиатура өзара қарым-қатынастың дәстүр (Traditions), унификация (Unification), реформалар (Reforms), білім (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) сияқты сегіз басымдығын білдіреді. Осы басымдықтарды Түркі мемлекеттері ұйымы ғана емес, бүкіл түркі әлемі қызығушылықпен қабыл алады. Қазақстан түркі дүниесін біріктіруді көздейтін барлық жасампаз бастаманы қолдайды,

Ресейдің «Алтай – түркілердің алтын бесігі» атты тұжырымдамасына да жақсы қарайды. Еліміз түркі халықтары арасындағы байланысты нығайту, сондай-ақ ортақ тарихи-мәдени бай мұрамызды насихаттау ісіне алдағы уақытта да атсалыса береді.

– **Сіз бұған дейін шетелдік сарапшылар мен дипломаттар Қазақстанды орта держава деп атай бастағанын айттыңыз. Орта державалар қандай рөл атқарады және осы мәртебеге ие болған Қазақстан не істей алады?**

– Мен бұған қатысты пікірімді ел ішінде де, шетелдерде де айттым. Қазір халықаралық қатынастар жүйесі кері кетіп барады, тіпті құлдырай түсті деуге болады. Тұрақсыздық күшейіп, ірі державалардың бірін-бірі айыптауы белең алып. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қауқарсыз болып қалды. Осындай қиын халықаралық ахуалға көптеген мемлекет, соның ішінде Қазақстан да алаңдап отыр. Бұл – орынды алаңдаушылық. Себебі қалыптасқан жағдай ол елдердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына мүмкіндік бермейді.

Бүгінде барынша әділ өлем қалыптастыруға деген сұраныс өте жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, орта державалар халықаралық сенім дағдарысын және жауапкершілігі жоғары жаһандық көшбасшыларға деген тапшылықты еңсеру жолында маңызды рөл атқара алады деп ойлаймын.

Орта державалар күш-жігерін жұмылдырып, жанжалдасып жатқан геосаяси орталықтардың арасында жаңа әрі мықты дәнекер бола алады. Сол арқылы халықаралық текетіретін қызуын бәсеңдетеді. Мен орта державалар үшін дәл осындай шақ туғанына сенімдімін.

– **Биыл Ұлы Жеңістің мерейлі белесін атап өтеміз. Басқа да көптеген мемлекет сияқты, Қазақстан үшін де бұл датаның символдық мәні зор. Осыған орай қандай іс-шаралар жоспарланып отыр?**

– Биылғы мемлекеттік іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтар нацизмді талқандауға елеулі үлес қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз барлық майданда жанқиярлықпен соғысты. Оның үстіне, Қазақстан әскерді қару-жарақпен, өнеркәсіп өнімдерімен және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарған сенімді тыл болды.

Мен Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында Жеңістің мерейлі белесін атап өтуге дайындалу қажеттігін айттым. Сол кезде жариялаған бастамаларым қазірдің өзінде жүзеге асты. Мысалы, «Айбын» орденінің үш дәрежесі әйгілі батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетовтың, Бауыржан Момышұлының және Рұқматхан Қошқарбаевтың есімімен аталатын болды. Қазақстанның әуе қорғанысы күштерінің 604-ші әуе базасына әйгілі ушқыш, Кеңес одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің есімі берілді. Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметова мен Хирузт Доспанованың өшпес ерлігін міндетті түрде жалғамызды жаңғыртатымыз.

Жеңісті мерекелеуге арналған жоспарда көптеген іс-шара қамтылған. Оның ең бастысы – Астанада өтетін әскери шеру. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі, ешкім де елеусіз қалмайды. Концерттер мен көрмелер өтеді, деректі фильмдер мен бағдарламалар түсіріледі, тарихи кітаптар мен фотоальбомдар шығарылады. Жауынгерлеріміздің есімін ел жадында сақтау үшін зерттеу жұмыстары жалғаса береді. Б.Момышұлының – 115, М.Ғабдуллиннің – 110, Ә.Молдағұлованың 100 жылдығы салтанатты іс-шаралар тізіміне кіреді.

Жеңістің билығы мерекесі Қазақстанның бірде-бір азаматын бей-жай қалдырмайтынына сенімдімін. Өйткені біздің елде сұрапыл соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ деуге болады. Соғыста қаза тапқандарды ұмытпай, қабарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау – баршаға ортақ парызымыз.

– **Тағы бір өзекті мәселе бар. Соңғы кезде қазақ тілінің қолданылу аясы едәуір кеңейді. Мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін азаматтардың саны көбейді. Бұл қазақ тілінде деген сұраныстың арта түскенін білдіреді. Бұдан бөлек, шетелдіктердің де тілімізді үйренуге деген қызығушылығы күшейді. Қоғамда қазақ тілінің ролі одан әрі арта түсуі үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

– Иә, дұрыс айтасыз. Қазақ тілінің бәсекеге қабілеті және оны үйренуге деген қызығушылық барынша артып келеді. Ең бастысы, қазақ тілін білу сәнге айналды, жастарымыз оны меңгеруге ұмтылатын болды. Мемлекеттік тіл азаматтардың қызмет бабында өсуіне және табысқа жетуіне жол ашатын маңызды фактор саналады. Еліміздің бизнес өкілдері маркетинг саласындағы нағыз нағыз қазақ тілінде сөйлейтін тұтынушылардың сұранысына қарай өткізетін болды. Мұның бәрі мемлекеттің өте абақ болуды қажет ететін әрі саяси тұрғыдан маңызды саналатын осы саладағы саясаты тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Сөз арасында айта кетейін, дүниежүзінде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде үш мыңнан астам тілге жойылып кету қаупі төніп тұр. Қазақ тілі бұл топқа кірмейді. Ана тіліміз 2024 жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында 79-шы орынға тұрақтады. Осы ретте күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы Кеңес заманында ана тілімізді әлемдік лингвистика картасынан жойылып кетуден сақтап қалған зиялы қауым өкілдерінің, ақын-жазушылардың, журналистер мен ғалымдардың, мұғалімдер мен мәдениет қайраткерлерінің, ауыл еңбеккерлерінің, яғни барша отаншыл азаматтардың еңбегін бағалауымыз керек.

Бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ғылым-білім саласындағы инфрақұрылымды жаңғыртуға, мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіруге қоса оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселесін де шешу қажет. 2023 жылы «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен құрылған арнаулы қорға қолдау көрсету керек. Цифрлық технологияларды қолдануға баса мән берген жөн. Өйткені қазақ тілінің алдағы тағдыры, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеті көбіне осыған байланысты болады.

Шығармашылық жастар және креативті индустрия мемлекеттік тілді дамыту ісіне пайдасын тигізе алады. Мемлекет экономикадағы болашағы зор осы саланың өркендеуіне барынша қолдау көрсетеді. Отандық және әлемдік нарықта қаржылық жағынан тиімді әрі сұранысқа ие болатын түрлі контентті қазақ тілінде жасау қажет. Бұл жерде әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындары туралы айтып отырамын.

Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмән жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ тіліміздің тұғырын нығайтамыз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек.

– **Сіз өз сөздеріңізде жастарға айрықша назар аударасыз. Қазақстан жастарының өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндігі бар. Оларға барлық жол ашық деуге болады. Кейбір жастардың құмар ойынға, есірткіге тәуелді болғанын немесе күні бойы еш мақсатсыз әлеуметтік желіде отырып, алтын уақытын босқа өткізіп жатқанын көргенде қынжыласын. Жас ұрпақты саяси жауапкершілігі жоғары әрі жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеу үшін не істеу керек?**

– Мен түрлі жиындарда жастарымыз туралы жиі айтамын. Өйткені олардың болашағын ойлап, шын жүректен тілеуліктік білдіремін. Еліміздің тағдыры – жастардың қолында. Біз отаншылдығын нақты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл – әншейін әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні.

Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге карағанда әлдеқайда көп біледі. Қазіргі технологиялар дәуірінде бұл – қалыпты нәрсе. Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл сол себебіті мен жастарға сенемін деп жалықпай айта беремін.

Бір ғана тілегім, ақыл-кеңесім бар: жас азаматтарымыз дүниетанымы тұрғысынан жасампаз, ойлау қабілеті жағынан сындарлы болуға тиіс, олар жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуі керек. Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбеккор болғанын қалаймын.

Тәуелсіздік ұрпақтары қазірдің өзінде ғылым, спорт, бизнес, креативті индустрия және мемлекеттік қызмет саласында зор жетістікке жетіп жүр. Көбі өндірісте және ауыл шаруашылығында табысты еңбек етеді. Бұл ретте мен осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаймын. Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбеккорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәрiптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек.

Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтары қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие болатынына да, қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да кепілдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі қолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық және моральдық жағынан көмектесу. Мен бұл шаруамен үнемі айналысамын.

– **Жастарымыздың білім қуып немесе жұмыс іздеп шетелге шығуына қалай қарайсыз?**

– Рас, бүгінде жастардың көбі білім алу немесе қызметте осу үшін шетелге шыққысы келеді. Бұл – жаһандану үдерісінің бір ерекшелігі. Оған түсіністікпен қараған жөн.

Біздің жастарымыз әлемдегі беделді университеттерде жақсы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетаным көкжиегін кеңейте алады. Сондықтан мемлекет, әрине, шетелде оқуға келері жасамайды, керісінше, ондай бастамаларға қолдау көрсетеді. Халықаралық «Болашақ» стипендиясы баршаға белгілі. Жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалған. Бірқатар елмен студент алмасып тұрамыз.

Жастардың кәсіби біліктілігін көтеру немесе көбірек табыс табу үшін шетелге шығуы қалыпты нәрсе деп ойлаймын. Олар үйреншікті мекенін тастап, өмірін күрт өзгертуден қорықпауы керек. Тіршілікке бейім, ширақ болуға тиіс. Өмір бойы бір ауылда немесе бір қалада тұрып, жарты ай жұмыста болғаны үшін біліктен жоғары жалақы талап ететін заман әлдеқашан келмесе кетті. Қазіргі жастар ондай болмауға тиіс. Қарым-қабілетің қай жерде қажетке жараса, сонда баруға тырысу керек. Баратын жерің ірі шаһар немесе басқа өңір, тіпті басқа ел болуы да мүмкін. Қазаққа «Жүргенге жәрдем ілінеді, жатқанға жан қуымайды» деген сөз бар.

Азаматтарымыз шетелде жүрсе де, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, еліміздің абырой-беделін арттыруға атсалысып, Отанына пайдасын тигізе алады. Қазақстан деген брендті әлемге таныту да маңызды миссияның бірі. Дегенмен шетелге шығу «Барсакелмеске» кету деген сөз емес. Ұл-қыздарымыздың жаңа технологияларды меңгеріп, тәжірибе жинақтап, Қазақстанға оралғаны жөн. Елімізде білікті мамандардың аяғын жерге тигізбей, қағып әкететін салалар көп. Үкіметтің міндеті – олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау.

– **Сұхбат бергеніңіз үшін ризашылық білдіремін. Бірақ айтамын өте алмайтын тағы бір сұ**



ПІКІР

ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ – ЕҢБЕКТЕ

← (Басы 1-бетте)

Сондықтан экономиканы жандандырудың бәсі озық технологияны меңгеруге тікелей байланысты. Мемлекет басшысы оған қатысты пікірлерін мынадай мазмұнда паш етті: «Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету аса өзекті міндет», – деді. Мамандар санатына жоғары білімді инженерлер мен құрылысшыларды, логистика мен энергетика, аграрлық сала мен су мамандарын жатқызумен бірге, мамандығына жетік жұмысшыларды да көбейту керектігі көрсетілді. Мұндай мәселенің күн тәртібінен түспейтіні жарияланды. Ендігі жерде «Екі қолға бір күрек табылады» дейтін ескі қағиданың жарамайтыны айтпаса да түсінікті.

Биылғы Жұмысшы мамандықтары жылында жоғарыда аталған міндеттер біртіндеп орындалады деген сенімдемиз. Оны қамтамасыз ететін негіздер елімізде аз емес. Алдымызда саннан сапаға көшу мүддесі тұр. Жұмысшы мәртебесіне арналған жаңаша көзқарастар нығая беретін болады. Олардың еңбектері дұрыс бағаланып, қоғам тарапынан еленуге тиіс. Жолдау осындай ерекшеліктерімен көпшіліктің көңіліне қонды.

Енді бір сәт тарихқа көз жүгіртіп, өткен мен бүгінді салыстырып қарайық. Еңбекшілер мәртебесін бірінші орынға қойды деген кеңестік кезең бәрібір жұмысшы кадрларды сапалы дайындауға жете көңіл бөле алмады. Жұмысшының

биік деңгейде мамандануы кемеліне келмеді. Мәселен, сегізжылдық мектепті төмен бағамен бітіргендерді ғана топтап, кәсіптік-техникалық училищелерге жіберіп отырған. Шеберлікке баулитын ережелер қатаң сақталмаған. Соның салдарынан училище түлектерінің басым бөлігі қарабайырланып, өнім сапасына жауап бере алмайтын, ондай міндеттер қызықтырмайтын деңгейге төмендеген. Оның бұлтартпас ақиқаты қоғам мемлекеттік меншіктен жекеменшікке ауысқан шақта анық аңғарылғанын жақсы білеміз. Өз билігі өзіне бұйырып, монополиялық кедергіден құтылған жұмысшылар теория бойынша байып кетуі керек еді. Бірақ оқиғалар керісінше өрбіді. Олар өзіне тиесілі меншігін игере алмай қиналды.

Қысқасы, кәсіптік-техникалық училищенің кеңестік дипломы жеме-жемге келгенде жанбағыс кепілдігіне жарамады. Сондықтан бүгінгі колледждердің талабы әлемдік стандартқа толық сәйкес келуі тиіс. Жұмысшы жылының жанақтықтары осындай қырымен жарқырап көрінсе дейміз.

XXI ғасыр жұмысшының білімді болуын қажет етеді. Мемлекет басшысы «Су, энергетика, құрылыс және басқа салаларда байқалып отырған кадр тапшылығын жою керек», – деді. Президент аталған Жолдауында білігі жоғары жұмысшылар легін бөліп қарастырған. Яғни, үлкен өндіріс орындарымен бірге шағын және орта

кәсіпкерліктің де жандануы ең алдымен осы мәселеге тығыз байланысты.

Жұмысшыға жасалатын экономикалық-әлеуметтік жағдайлардың да жоғары деңгейде болуы кадрлар сапасын арттыруға әсер етеді. Мемлекет басшысының сөзіне сүйенсек, жұмысшы еңбегі арқашан лайықты қолдауға ие болып, мемлекеттік марапаттармен ұлықталуы қажет. «Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандық бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыру керек», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Бүгінгі таңда облыс орталығы Қонаев қаласы қарқынды құрылыс алаңына айналды. Аймақ басшысы Мәрат Сұлтанғазиев Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен жылдың қорытынды есебін берді. Облыс әкімінің айтуынша, Қонаев қаласына арналған 187 жоба үкіметтік деңгейде бекітілген. Оның 124-і биылғы жылдың есебінде орындалады. Сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ ретінде бой көтеретін Алатау қаласын салу халықаралық ықпалдастық арқылы жүзеге асады. Алда атқарылатын жоспарлардың нобайы айқындалды. Бұл істердің ойдағыдай орындалуы үшін, әсіресе, жұмысшы мамандардың зор әлеуеті мен жауапкершілігі қажет. Еңбек адамдарын күтіп тұрған сынақтар күрделі. Президенттің Жұмысшы мамандығы жылын арнайы белгілегені сондықтан болар.

Басым міндеттер айқындалды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты елдегі реформалардың өзегін, олардың мәні мен маңыздылығын түсіндірумен қатар болашаққа бағытталған нақты қадамдарды айқындады.

Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы демократиялық қағидаттарға негізделген, қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған.

Сұхбат барысында Қазақстанның маңыздылығына ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда Қазақстанның экономикасын әртараптандыру – өмірлік қажеттілік. Сонымен қатар Президент «Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасын ерекше атап өтті. Бұл бастама – болашақ ұрпақтың қаржылық тұрақтылығы мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды жоба.

Президенттің пікірінше, әлеуметтік реформалардың тиімділігі тек қабылданған шаралармен ғана емес, әрбір азаматтың өміріндегі нақты өзгерістермен өлшенуі тиіс. Бұл – мемлекеттік басқарудың нәтижелілігі мен қоғам алдындағы есеп берушілік қағидаттарының басымдығын көрсетеді.

Сұхбат барысында Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлі де назардан тыс қалмады. Президент еліміздің геосаяси орны мен экономикалық әлеуетін ескере отырып, теңдестірілген сыртқы саясатты жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Қазақстанның БҰҰ, Түркі мемлекеттері ұйымы және басқа да халықаралық алаңдардағы белсенді қызметі елдің аймақтық және жаһандық процестердегі беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Елдегі реформалар – бүгінгі күннің ғана емес, ұзақмерзімді болашақтың мәселелерін шешуге бағытталған. Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту, әділеттілік қағидаттарын нығайту және тұрақты даму жолындағы бұл өзгерістер елдің гүлденуіне берік негіз болатыны сөзсіз. Президенттің әрбір бастамасы – тек жоспар емес, халықтың мүддесіне бағытталған нақты қадам.

Қуат БАЙҒОЖАЕВ,
облыстық мәслихаттың төрағасы

Орамды ой, парасатты пайымдар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» атты сұхбатын оқып шықтым. Онда негізінен болашаққа белгіленген бағдарлы жоспарлар төңірегінде кеңінен әңгіме қозғалып, оралымды ойлар, пайымды пікірлерге кеңінен орын берілген.

Ел Президенті өткен жылғы елімізде болған маңызды оқиғаларға тоқталып, оған республика халқының қосқан үлесін тілге тиек етті. Айтуынша, жыл ішінде 18 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. 7 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөндеуден өткен. Дикандар 27 миллион тоннаға жуық астық жинап, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Бұл жұмыстардың аспантау өңіріне де тікелей қатысы бар. Райымбек ауданы орталығынан және елді мекендерден салынған тұрғын үйлер отбасыларды баспана қуанышына бөлегеніне куәміз. Сонымен қатар ауданымызда республикалық маңызы бар 17 шақырым күре жол күрделі жөндеуден өткізіліп, халықтың игілігіне жарап отыр. Таулы өңірдің дикандары әдеттегінен егін шаруашылығына өткен жылы да айрықша мән берді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау-көмеңдерді кеңінен қолдана отырып, міндетті жұмысты абыроймен атқарып шықты. Сөйтіп, өңірімізде ел байлығы – алтын дән жоспардан жоғары өнім берді. Қамба астыққа толып, молшылықтың негізі қаланды.

Өткен жылы Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүргізіліп тұрғындардың есінде. Тазалыққа, денсаулыққа тікелей қатысы бар аталған шара аудан халқының қолдауына ие болды. Өйткені, қоғамның байлығы – адам болса, адамның байлығы – денсаулығы екені ешқандай дәлелді қажет етпейтін ақиқат.

Сұхбатта айтылған орамды ой, парасатты пайымдар көптің көңілінен шықты деп ойлаймын.

Қанат АХМЕТОВ,
ҚР білім беру ісінің үздігі,
Райымбек ауданының Құрметті азаматы

Баспасөздің маңыздылығын атады

Ақпараттар ағынын қабылдау тек электронды жүйенің еншісіне көшеді дейтін болжамдар желдей есіп, көңілдерді алаңдатады. Сонда қалай дейді жұртшылық, ғасырлар бойы адамдармен бірге жасасқан қағаз басылмаларды сылтауға сүйеніп саптан шығара салудың оңай болғаны ма?

Әркім әртүрлі пайымдармен толғанады. Оған көндіретін де, көндікпейтін де көзқарастар бар. Өмір дәлелдеріне жүгініп, оның мүмкін болмайтынын алға тартатын азаматтар аз емес. Осындай кезде ҚР Президентінің айтқан уәжі сұрағымызға қайтарылған дұрыс жауап болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында бұл жайға жете назар аударды. Өзінің де ұлт газетінің тұрақты оқырманы екенін білдірді. Қажетті мәліметтерді іздегенде теледидар және интернетпен бірге ақпарат кеңістігін жіті қадағалап отыратынына тоқталды. «Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Баспасөз бәрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді», – деді.

Мұны бәрімізге арналған ескерту мен емеурін деп ұқтым. Себебі газет оқу – кітап оқудың алғышарты. Әсіресе мәселені қолмен ұстап, көзден өткізіп барып сараптағанның жөні бөлек. Қағаз басылманың қажеттілігі де, құндылығы да осында. Қазақ қоғамы әлімсақтан осындай үрдіске үйренген. Қалыптасқан жолымызды жаңаша жаңғыртсақ ұтылмаймыз. Осы орайда аймақтың айнасы – «Алатау арайы» еске түседі. Оған қолдау көрсетуге облыс азаматтары белсене атсалысса деймін.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ,
ардагер-журналист,
Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы

АССАМБЛЕЯ

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Шамалған ауылында орналасқан «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясы мен өзге де қоғамдық ұйымдардың жыл бойы атқарған жұмыстарын қорытындылаған жиын өтті. Алқалы басқосуды аудандық қоғамдық көлісім және даму орталығының директоры Дидар Өтемісов ашып, жүргізіп отырды. Ол күн тәртібіне қойылған мәселеге қатысты баяндамасында нақтылы істерге тоқталып өтті.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Атап айтқанда, былтыр ауданда жастарға патриоттық тәрбие беру, татулық пен бірлікті нығайту, ауданда тұратын түрлі этностардың тілдерін сақтау мен дамытуға бағытталған 145 шара өткізілген. Оған 10 мыңнан аса адам қатысып, аудандық ақсақалдар мен аналар кеңесінің, этномәдени орталықтардың, «Ассамблея жастары» мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің мүшелері белсене атсалысқан.

Қол жеткен табыстар да баршылық. Облыс көлемінде өткізілген көркем-

өнерпаздар жарысында қарасайлықтар бас жүлдені жеңіп алса, республикалық «Батағой» байқауында – екінші, ал «Жылылық күннің көзінде – тәрбие әжеңің сөзінде» атты аламанда – үшінші орынды иеленген. Сонымен қатар «Өнерім саған – Қазақстан!» атты республикалық байқауда Шамалған ауылының тұрғыны Сабир Гусейнов Гран-при жүлдесін, ал Қаскелең мәдениет колледжінің студенті Тимур Ким бірінші орынды еншілеп, ауданның мерейін асқатата түскен.

Қайнар ауылындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Роман Илиясов

«Өнерлі өрге жүзер» атты облыстық байқаудың бас жүлдегері атанды. Оның жыл қорытындысына арналған басқосуда домбырада күмбірлете күй шертіп, жиялған жұртшылықты тамашаға бөлегені тағы бар. Қарасай аудандық «Ассамблея жастары» бірлестігінің жетекшісі Ясми Мчелидзе де қазақ тілін дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін ҚР Ғылым мен жоғары білім министрінің Алғыс хатымен марапатталды. Қаскелең гуманитарлық-техникалық колледжінде оқып жүрген Асми мемлекеттік тілді меңгеріп қана қоймай, жастар арасында насихаттауға да өз үлесін қосып келеді. Ал оқуын бітіргеннен кейін бастауыш сынып оқышыларына қазақ тілінен дәріс беруге белін бекем байлап отыр.

Жиын барысында сөз алған Шамалған ауылдық округінің әкімі Нұрсұлтан Жолдасбек, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Мәсімақұнов, «Ахысқа» түрік этномәдени орталығының жетекшісі, заңгер әрі медиатор Илимдар Камиллов атқарылған істерді баяндай келе, алдағы жоспарларымен бөлісті. Олар сталиндік репрессия жылдары жер аударылған этностарға қарапайым қазқардың қалай көмектескені, солардың арқасында тура келген ажалдан аман қалып, бүгінде өсіп-өркендеп отырғандары жайлы да ақтарыла сыр шертті.

Салтанатты жиынның соңында Шамалған ауылының әкімі Нұрсұлтан Жолдасбек қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан жекелеген тұрғындар мен этномәдени орталықтардың мүшелеріне аудан әкімінің орынбасары Бексұлтан Ақылбектің атынан Алғыс хаттар табыс етті.

Қарасай ауданы

МАРАПАТ

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ

Маңдай терін төгіп, абыройлы іс атқарып жүрген азаматтар қашанда құрметке лайық. Осы орайда қалтқысыз еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды «Жыл үздігі» номинациясымен марапаттау дәстүрге айналып келеді.

Дәурен ӘБУТӨЛІПОВ

Аудандық Мәдениет үйінде өткен шара өңірдің даму барысын баяндайтын бейнебаянмен түрілді. Бұдан соң мінберге көтеріліп, жыл жетістіктерін жіпке тізген аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталып өтті.

– Ауданымыз тұрақты даму үстінде. Кеген ауылында жаңадан салынған 30 тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыс әкімі Мәтін Елеусізұлының қолдауымен аудан көлемінде жол салу, ауызсу жүйелерін жүргізу, көше жарық шамдарын орнату, спорт және балалар ойын алаңдарын салу үшін қомақты қаржы бөлінді. Алда үлкен жоспарымыз бар. Ауданымыз мәдениет, спорт, жер қатынастары, ауыл шаруашылығы салалары бойынша алдыңғы қатардан көрінуде. Көптеген азаматымыз облыс, республика көлемінде танылып, аудан абыройын көтеруде, – дей келе көпбалалы аналарға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы



бойынша «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерін табыс етті.

Шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуы жөнінде үлес қосқан азаматтар Марапат төсбелгісін алды. Атап айтқанда, «Үздік демалушы» номинациясы «Ойқарағай» кен орны жабық акционерлік қоғамы,

«Бүркіт» отын энергетикалық компаниясының басшысы Ләззат Ботабековаға, «Үздік инвестор» номинациясы «GreatSteppeHeritage» ЖШС-ның директоры Нұрлан Әділханұлына, «Үздік қонақ үй» номинациясы «Көлсай-грант» қонақ үйінің директоры Эльвира Мамедқызына, «Үздік қаржыгер» номинациясы Кеген ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Есболат Игембаевқа, «Мәдениет саласының үздік қызметкері» номинациясы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Ғалия Бозымбаеваға, тағы басқа да сала үздіктеріне табыс етілді. Сондай-ақ жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Алматы облысы әкімі және Кеген ауданы әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Жылды қорытындылау шарасында «КегенМасПром» ЖШС-ның директоры Тоқтар Баймолдаев пен аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сабір Досымбеков сөз алып, ізгі тілегін жеткізді. Кеш мерекелік концертке ұласып, облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның әншілері салтанатты шараға қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кеген ауданы



Тәуелсіздік жылдары халықты мемлекеттік қолдау жүйесі артып, Қазақстан нағыз әлеуметтік мемлекетке айналды. Ел бюджетінің басым бөлігі халықтың тұрмыс жағдайын түзеуге, қоғамның әлжуаз топтарын қолдауға бағытталып келеді. Ел азаматтарының өмір сапасы мен тұрмыс деңгейін көтеру мемлекеттің басты стратегиялық міндеттерінің біріне айналды. Алматы облысы да осы үдеден шығуда. Бұл орайда облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан ӘБДІРАХЫММЕН сұхбаттасқан едік.

– Құрметті Нұрлан Ерғалиұлы, өзіңіз өмір басышының Алматы облысындағы әлеуметтік салаға жауапты орынбасарсыз. Бұл – маңызды бағыттың бірі. Жыл сайын Алматы облысында аталмыш саланың әлеуетін көтеруге бағытталған жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Ел билігі бірнеше реформа жүргізді. Бұл қадамдар қаншалықты нәтиже беруде?

– Тәуелсіздік жылдары әлеуметтік сала бір емес, бірнеше реформаны өткерді. Біршама өзгеріс енді. Мәселен, 2023 жылы қабылданған Әлеуметтік кодекс саланы реттейтін барлық заңды біріктіріп, бір жүйеге келтірді. Осының арқасында мемлекеттен кім, қандай жағдайда және нендей көмек ала алатыны нақты бекітілді. Бұл әлеуметтік саланы реформалаудағы маңызды жетістік болды деп бағамдаймын. Президенттің 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауының өзі әлеуметтік салаға жасалған тың серпіліс. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдардың еңбегі мен өмірі насихатталып, құрмет көрсетілер болса, қарапайым жұмысшы азаматтардың абыройының артуына ықпал етеді. Бұл әлеуметтік жүйеге жанашылдық әкелері сөзсіз. Еңбек адамының мәртебесін көтеру маңызды.

Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру мен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыруды бастадық. Жаңа мамандықтар атласын даярлау, колледждердің материалдық-техникалық базасын жабдықтау, өңірге қажетті жаңа мамандықтар ашу жұмыстары жүргізілуде. Бұл мақсатқа бюджеттен 6 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырылды.

Былтыр 4 мемлекеттік колледжде бейіндеу жұмыстары жүргізілді. Биылғы «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында тағы 2 колледжде бейіндеу жұмысы жүргізіледі (Шамалған ауылындағы көпсалалы колледж, С.Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжі).

Қонаев қаласында техникалық бағытта 600 орынды жатақханасымен 1250 студентке арналған колледж салынады. Эскиздік жобасы дайындалып, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Алдағы уақытта еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес, «Гидротехникалық мелиорация», «Лифт шаруашылығы және эскалаторлар», «Қашықтан басқарылатын авиациялық жүйе» мамандықтарын ашу жоспарлануда.

Бүгінде елімізде жұмысшы мамандықтардың мәртебесі біртіндеп артып келеді. Сондықтан да инженерлерге, сәулетшілерге және құрылысшыларға, кеншілер мен шахтерлерге, геологтарға, ғалымдар мен өнертапқыштарға, өнеркәсіп, көлік, ауыл және су шаруашылығы саласының қызметкерлеріне құрметті атақтар берілуде. Қажырлы еңбектің мемлекеттік деңгейде бағалануы – барша кәсіп иесіне ерекше шабыт беретініне және еңбек адамының беделін көтеруге септігін тигізетініне сенімдіміз.

– Әлеуметтік сала – қай елде, қай өңірде болсын, ең өзекті бағыттың бірі. Әлеуметтік осал топтағы азаматтардың тұрмыс жағдайын оңалту үшін Алматы облысында қандай жұмыстар атқарылып жатқанына тоқталсаңыз.

– Алматы облысында халық саны 1 миллион 600 мыңнан асады. Оның 42,3 мыңы – мүгедектігі бар адамдар. Өңірде 74 мыңнан аса көпбалалы отбасы өмір сүреді. Зейнет жасындағылар саны – 166 мың.

Мүгедектігі бар жандар арнаулы әлеуметтік көмекпен қамтылуда. Облысымызда мұқтаждығы бар азаматтардың 99,9%-ына (4,7 мың адам) 8 медициналық-әлеуметтік мекеме, 12 үкіметтік емес ұйым және 22 бөлімше қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, жеке оналту бағдарламаларына сәйкес техникалық оналту және гигиеналық құралдармен мүгедектігі бар жандардың 98,5%-ы қамтамасыз етілген.

Бұдан басқа әлеуметтік төлемдер түрлерімен (тұрғын үй көмегі, төтенше жағдайда біржолғы көмек, туберкулезбен ауыратын азаматтарға, мүгедек баланы оқытатын отбасыларға, АИТВ (ВИЧ) жұқтырған балаларға төлем және т.б.) 45,9 мың азамат қамтылды.

Жұмыс орындарын құру жоспары 100%-ға орындалды. Жалпы жұмысқа 69,3 мың азамат тартылды, әлеуметтік осал топтарға жататын 260 азаматқа өз кәсібін ашу үшін қайтарымсыз грант берілді, 624 азамат қысқа мерзімді оқудан өтті, 6 мыңнан астам адам онлайн-курстарға қатысты.

Мемлекет басшысының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі тапсырмасы аясында облыста 7 отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді, оның 2-еуі былтыр ашылды. Сонымен қатар, карт адамдарды қолдау және өмір сүру ұзақтығын арттыру тапсырмасы аясында белсенді ұзақ өмір сүру орталығының 3 филиалы іске қосылды. Биыл барлық ауданда ашу жоспарлануда.

Әлеуметтік осал топтағы азаматтардың барлығы дерлік әлеуметтік жәрдемақы алады. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері 6,5%-ға ұлғайды. Сондықтан асыраушысынан айырылған, мүгедектігі бар, ерекше күтімді қажет ететін баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға, сондай-ақ бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі адамды құптағын азаматтарға берілетін әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері де артты.

– Бүгінгі нарық заманында қымбатшылықтың жиі қарқын алатыны жасырын емес. Берілетін жәрдемақы көлемі де мардымсыз деген пікірді жиі естіміз. Осы тұста мемлекеттен беріліп отырған қаржының көлеміне тоқталып өтсеңіз. Әр санаттағы азаматтар қанша жәрдемақы алады?

Бала күтімі бойынша берілетін төлемдерге келетін болсақ, сәбиі 1,5 жасқа толғанға дейін ай сайын төленетін жәрдемақы бірінші бала үшін 22 649 теңгені, екінші бала үшін 26 777 теңгені, үшінші бала үшін 30 867 теңгені, төртінші және одан көп бала үшін 34 995 теңгені құрады.

Асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы туралы айтар болсақ, асырауындағы бір адам үшін 42 530 теңге, екі адам үшін 78 588 теңге, үш адам үшін 104 014 теңге, төрт адам үшін 120 194 теңге, бес адам үшін 127 129 теңге, алты және одан да көп адам үшін 138 685 теңге төленеді.

– Елдегі зейнетақы жүйесі көпдеңгейлі екенін жақсы білеміз. Биыл зейнетақының ең төменгі және жоғарғы мөлшері қандай болмақ?

– 2025 жылы зейнетақының ең төменгі мөлшері шамамен 62 780 теңге болса, ең жоғарғы мөлшері 162 000 теңгеден асады. Базалық зейнетақы төлемін барлық зейнеткер алады. Зейнетақы мөлшері еңбек өтіліне және ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты есептелетіні де естен шығармаған

демек, 5 538 теңге мөлшерінде қарастырылған.

Биыл жалпы 7,3 мың отбасыға (36,8 мың адамға) атаулы әлеуметтік көмекті төлеу жоспарланып отыр. 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар үшін 2025 жылы ай сайынғы төлем айлық есептік көрсеткіштің жаңа мөлшерін (3932 теңге) қайта есептей отырып, 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қалды.

– Қазақстан әлеуметтік қызмет түрлерін цифрландырудағы көшбасшы елдердің бірі болуды көздейді. Бұл үшін елімізде Отбасының цифрлық картасы деп аталатын бірегей жоба құрылып, мәлімет қорын біріктірді. Бүгінде онда Қазақстанның 20 млн азаматы немесе 6 млн-нан астам отбасы туралы ақпарат жинақталған. Бұл картаға Алматы облысындағы қанша отбасының дерегі енгізілді?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында елдегі цифрландыру жүйесіне қатысты оң пікір білдірді. Тіпті, Біріккен Ұлттар

әбзал. Күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері де артады. Базалық және ынтымақты төлемдерді қоса есептегенде зейнетақының ең төменгі деңгейі – 95 131 теңге, ең жоғарғы шегі 213 046 теңге болады. Төлемдер мөлшері жеке және әрбір адамның еңбек өтілі мен жинағына байланысты екенін тағы бір атап өткен жөн.

Ұйымының рейтингінде Қазақстан E-government-ті дамыту көрсеткіші бойынша әлемде 24-орын иеленгенін атап өтті. Бұл – жақсы нәтиже екенін айта келіп, оған тоқмейілісіп, арқаны кеңге салуға болмайтынын да ескертті. Президент сөзімен айтсақ, еліміз жаһандық цифрлы көшпенділер үшін қолайлы мемлекетке айналып келеді.

Бүгінде атаулы көмекті тағайындауда Отбасының цифрлық картасының көмегі зор. Бұл – әлеуметтік жұмыстың жаңа құралы. 2023 жылы Қазақстанда 84 параметр бойынша отбасылардың әл-ауқатының деңгейін талдайтын Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) енгізілді. Бұл нақты шараларды және облыстың даму бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Цифрлық карта отбасының әл-ауқат деңгейін экономикалық, әлеуметтік және тұрғын үй жағдайы, денсаулығы, білімі бойынша бағалайды және отбасыларды 5 санатқа бөледі: А-жақсы, В-қанағаттанарлық, С-төмен, D-дағдарыс және Е-мүшкіл деңгей.

Көбінесе дағдарыс санаттарына отбасылар жеке тұрғын үйінің немесе тұрақты тіркеуінің болмауына, мүгедектігі бар немесе көпбалалы отбасы қатарына жатуына байланысты кіреді.

Отбасыларды дағдарыс жағдайынан шығару үшін әр аудан әр отбасының сұранысы бойынша жұмыс істейді. Демек, жұмысқа жолдама беру, балаларды балабақшаға, мектепке орналастыру, тұрғын үйге немесе жерге кезекке қою, медициналық көмек көрсету және т.б. мәселелерінің шешілуіне қол ұшын созады.

Цифрлық картаның көмегімен дағдарыстық санаттағы (D және E) отбасылар санын азайту бойынша әкімдердің рейтингі іске асырылды. Осындай іс-шараның нәтижесінде Алматы облысында дағдарыс жағдайындағы отбасылар саны 168,1 мыңнан 145,7 мың отбасына дейін, демек, 13,3%-ға төмендеді. Бұл жоспарланған көрсеткіштен асып түсті.

– Биыл да дағдарысты отбасыларға көмек көрсету жұмысы жалғаса ма?

– Бұл жұмыс жалғасатыны сөзсіз, Отбасының цифрлық картасы аудандар мен қалалар әкімдерінің жұмыстағы үстел кітабына айналды. Сонымен қатар биылдан бастап алдын алу жұмыстарын жүргізетін Отбасыларды қолдау орталықтары іске қосылды. Осылайша отбасылар қажетті барлық көмекпен қамтылатын болады.

– Нұрлан Ерғалиұлы, бүгін өңірдегі ғана емес, елдегі әлеуметтік салаға қатысты әдемі әңгіме өрбітті. Сұхбатыңызға алғыс! Түйін сөз сізден болсын.

– Қазақстан адам капиталының дамуын анықтайтын халықаралық рейтингтегі орнын жыл сайын жоғарылатып келеді. Халықты әлеуметтік қорғау мемлекет саясатының басым бағытының бірі болып қала бермек. Ел әлеуетін оңалтуға әр азамат күш салуы қажет.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Алматы облысында халық саны 1 миллион 600 мыңнан асады. Оның 42,3 мыңы – мүгедектігі бар адамдар. Өңірде 74 мыңнан аса көпбалалы отбасы өмір сүреді. Зейнет жасындағылар саны – 166 мың.

Мүгедектігі бар жандар арнаулы әлеуметтік көмекпен қамтылуда. Облысымызда мұқтаждығы бар азаматтардың 99,9%-ына (4,7 мың адам) 8 медициналық-әлеуметтік мекеме, 12 үкіметтік емес ұйым және 22 бөлімше қызмет көрсетеді.

Көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы жәрдемақы жеті баласы барлар үшін 103 598 теңгеден 110 332 теңгеге ұлғайды. Төрт баласы барлар 59 183 теңге алып келсе, енді кезекте 63 030 теңге алатын болады. Бес балалы жандар алатын жәрдемақы 73 988 теңгеден 78 798 теңгеге өсті. Алты балаға берілетін қаражат 88 973 теңгеден 94 565 теңгеге дейін артты. Жеті балалы аналар алатын жәрдемақы 103 598 теңгеден 110 332 теңгеге көбейді. Сегіз баласы барлар әр балаға 15 728 теңгеден жәрдемақы алмақ.

– Әрине, елде ғана емес, жаһанда қымбатшылық орын алуда. Оған геосаяси ахуал да әсерін тигізуде. Нарық заманы болғандықтан баға құбылып тұрады. Дегенмен, елдегі күнкөріс деңгейіне қарай әр санаттағы азаматтарға берілетін көмектің сомасы бекітілген. Бұл жасырын ақпарат емес. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың ұлғайған мөлшеріне тоқталар болсақ, бұған дейін I топтағы мүгедектігі үшін берілетін жәрдемақы 95 496 теңге болса, биылдан бастап 101 702 теңгені құрады. II топ мүгедектігі үшін берілетін жәрдемақы 76 397 теңгеден 81 362 теңгеге артты. Ал III топтағылар үшін берілетін жәрдемақы 52 089 теңгеден 55 474 теңгеге көтерілді.

Көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы жәрдемақы жеті баласы барлар үшін 103 598 теңгеден 110 332 теңгеге ұлғайды. Төрт баласы барлар 59 183 теңге алып келсе, енді кезекте 63 030 теңге алатын болады. Бес балалы жандар алатын жәрдемақы 73 988 теңгеден 78 798 теңгеге өсті. Алты балаға берілетін қаражат 88 973 теңгеден 94 565 теңгеге дейін артты. Жеті балалы аналар алатын жәрдемақы 103 598 теңгеден 110 332 теңгеге көбейді. Сегіз баласы барлар әр балаға 15 728 теңгеден жәрдемақы алмақ.

Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы көлемі де көтерілді. Демек, 1, 2 немесе 3-баласын өмірге әкелген аналар үшін берілетін біржолғы жәрдемақы 140 296 теңгеден 149 416 теңгеге дейін ұлғайды. Ал 4 және одан көп бала туған аналарға берілетін біржолғы қаражат 232 596 теңгеден 247 716 теңгеге жетті.





МЕРЕЙ

Қазақ халқы «әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген аталы сөзге бүкіл тәрбие негізін сыйғыза білген. Иә, әр отбасы үшін әкенің орны бөлек. Ұлды ұлы мақсаттарға жетелейтін де, қызды «қырық үйден тыятын» да – ата-анасы. Әкенің «Сенің қолыңнан келеді» деген бір-ақ ауыз сөзі кейде алып мұраттарды еңсере алатындай күші-қуат дарытады. Үйдің түтінін түтететін аяулы ананың «Әкеңнен сұра, әкең біледі» деген сөздерінің астарында түсінген адамға үлкен мән жатыр. Оның барлығы – тәлім-тәрбие бастауы. Жуз мектеп бере алмаған тәрбиені бойға сіңіртпін, таудан биік талапты болуды үйрететін әкелердің қаианда жөні бөлек.



Әке – асқар тау

Ұрпақ тәрбиелеу ісінде ұлттық құндылықты, әділеттілік пен адалдықты ту етеді. Әкем ел ішінде, өз ортасында беделді жан. Кісіні алалап, басы артық сөз айтып, оғаш мінез көрсеткен емес. Бала кезімнен әкем туралы жақсы сөздерді жиі естіп өстім. Оның өзі бойымызда мақтанш сезімін ұялататын.

– Отаныңның алдында қарызың көп, Қарыз болма, туған соң нағыз ұл боп. Елі мен жерін қорғау деп келесің, Арттан ерген «Ұрпақтың парызы» деп.

Алатаудың төрінен аңқылдаған, Мінезің найзағайдай жарқылдаған. «Жәнет», ай тпай қоймайды» деген сөз бар, Тапаншаның оғындай сартылдаған.

Әкеміз тек біздің отбасының ғана емес, тұтас әулетіміздің ақылшысы, тірегі. Атам қайтыс болғаннан кейін, әулеттің үлкені ретінде барлық маңызды шешім әкеміздің ақылымен жүзеге асып келеді. Құдалық, қонақ шақыру, той-томалақ сияқты дәстүрлі шаралар әкемізсіз өтпейді. Ол қашанда елдің бірлігіне дәнекер. Әкеміздің әрбір ісі үлгі боларлық. Ол әрдайым шындықты ту етіп, ешкімнің бет-жүзіне қарамай, ақиқатты ашық айтады. Адамдарды ешқашан бөлмейтін, барлығына тең қарайды. Үйімізге келген әрбір жанға ақыл-кеңесін беріп, дұрыс жол нұсқап жібереді. Оның өнегелі сөзі мен нағыздығы бізді ғана емес, талай адамды алға жетеледі.

Енді әкеміздің өмір жолына тоқтала кетсем, Жәнет Сәдіұлы Керімқұлов 1955 жылы 6 қаңтарда Қытай Халық Республикасында дүниеге келіп, 1956 жылы ата-анасымен бірге атамекеніне оралды. Балалық шағы Ұйғыр ауданының Сүмбе ауылында өтті. Әкеміз 1962 жылы Сүмбе ауылындағы Ленин атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, 1972 жылы үздік бітірді. Мектеп қабырғасында белсенділігімен, өнерпаздығымен танылған Жәнет 1972 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының математика факультетіне оқуға түседі. Институтты 1976 жылы «Математика пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Кеген ауданындағы Күрметті орта мектебінде бастайды. Кейін Қырғызсай орта мектебінде ұстаздық етті. Осы жылдары шакірт тәрбиелеуде жауапты ұстаз әрі білікті маман ретінде танылды. 1984 жылы Жәнет Сәдіұлы Ұйғыр аудандық білім бөлімінің инспекторы қызметіне шақырылып, кейін басшылық лауазымдарға дейін көтерілді. Оның жетекшілігімен аудан мектептерінің материалдық базасы нығайып, білім сапасы жақсарды. Ауылдық мектептер ірілендірілді, қазақ және ұйғыр сыныптары ашылды. Лицейлер мен арнайы мамандандырылған мектептерге оқушыларды даярлау ісіне ерекше көңіл бөлінді.

2004-2008 жылдары Сүмбе орта мектебінің директоры, ал 2008 жылдан зейнетке шыққанға дейін Бірлік-Сүмбе мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып қызмет етті. Ол педагог қана емес, қоғам қайраткері ретінде де үлкен беделге ие болды.

Бүгінде Жәнет Сәдіұлы аудандағы «Ұрпақ парызы» қоғамдық бірлестігінің және аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы қызметін атқарып келеді. Осы жолда мемлекеттік тілдің дамуы, жастар тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде орасан еңбек сіңіруде. Сонымен қатар, ол өнерге де жанашырлық танытып, қазақтың ұлттық дәстүрін, батырлар жырын насихаттайды. Домбыра шертіп, ән айтып, өлең шығарып, шежіре жазумен айналысады.

Жәнет Сәдіұлының еңбегі жоғары бағаланып, көптеген марапатқа ие болды. Ол «Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Астанаға – 20 жыл» сияқты медальдарымен, ҚР Президентінің Алғыс хаттарымен және облыстық, аудандық деңгейдегі құрмет грамоталарымен марапатталған. Сондай-ақ, 2020 жылы «Абай» мерейтойлық медалін, 2022 жылы «Жылдың үздік маманы» атағын иеленді. Сондай-ақ Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы атанды.

Жәнет Сәдіұлының жан жары, аяулы анамыз – Майрамқан Әжібекқызы да белгілі ұстаз, ауданға танымал математик. Ол кісілер бес баланы тәрбиелеп өсіріп, барлығына жоғары білім берді. Ұлдары мен қыздары ата-ана жолын жалғастырып, әр салада табысты еңбек етуде. Бүгінде олардың 18 немересі және бір шөбересі бар.

Қайырымдылық пен ізгілік – Жәнет Сәдіұлының басты ұстанымдарының бірі. Ол аудандық ауруханаларға демеушілік жасап, білім беру саласына, мәдени іс-шараларға белсенді қатысады.

Әр сөзіңнен нұрланып төгеді ұшқың, Қызылбөрік Маржадан көгеріпсін, Ұлт намысын қызғыштай қори жүріп, Басында жүр қашанда кемел істің, – деген ақын М.Құдайбергеновтің өлеңі әкеміздің асыл қасиетін, еліне еңбек еткен ерен тұлғасын айшықтай түседі.

Әке – ұлы күш пен сабырлықтың иесі. Әке – баласына рухани күш беруші тұлға. Ұқыптылық, адалдық, мейірімділік, жақсылық жасау секілді адами қасиеттер де әке арқылы бала бойына дариды.

Айналайын, ұрпағым! Болашағым, сұңқарым. Жолдарың болып әмісе, Жарқырап атсын нұр таңың. Әр қадамың сәтті боп, Көрме өмірдің бұрқағын, – деген әке батасымен мен балаларыма өзім көрген тәлім-тәрбиені сіңіруге тырысамын.

Бүгінде әулетіміздің мәуелі бәйтерегі, алып қорғанымыз, ақылшымыз Жәнет Сәдіұлы 70 жасқа толды. Бізге ардақты жанның өмірдегі таудай тұлғасын, биік адамгершілік қасиетін, ұсақ тірліктің әр сынынан азаматтық болмыспен жол тауып шығатын сұңғылалығын ойымызға алғызған, қолымызға қалам ұстауға мәжбүр еткен оған деген құрмет, құны еш нәрсемен өлшенбейтін перзенттік сезіміміз болса керек. Жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз! Жан жарыңыз екеуіңіз ортамызда аман-есен жүре беріңіздер! Ата-ананы аялы алақаны мен жүрегіне, шексіз мейірімі мен кіршіксіз таза көңіліне тең келер ештеңе жоқ. Сондықтан да аяулы аналар мен ардақты әкелер аман болсын!

Бауырлары, балалары

ХАБАРЛАНДЫРУ

14.02.2025 жылы, сағат 12:00-де Алматы облысы Қонаев қаласы Жамбыл көшесі, 13 мекен жайында «Алматы облысы Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерінде орналасқан «Мойынкум Северный-1» кен орнында құрылыс құмын өндіру жөніндегі тау-кен жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 794 7875 1723, қатынау коды: G4BnkA.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «SAZU» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы Жібек Жолы көшесі, 2А, 94 пәтер, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Жоба материалдарымен esportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер esportal.kz сайтында қабылданады.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

14.02.2025г. в 12:00 часов, по адресу: Алматинская область, г.Конаев, улица Жамбыла, 13, будут проводиться общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче строительного песка на месторождении «Мойынкум Северный-1», расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Алатау Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 794 7875 1723, Код доступа: G4BnkA.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «SAZU», Алматинская область, Талгарский район, с.Бельбулак, улица Жибек Жолы, 2А, кв. 94, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте esportal.kz.

Разработчик экологического проекта Курманғалиев Р.А., тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте esportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, Проспект Жамбыла, 13.

ХАБАРЛАНДЫРУ

03.02.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП <http://esportal.kz/> сайтында Алматы облысы Алатау қаласының жерлерінде орналасқан «Мойынкум Северный-1» құрылыс құмы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «SAZU» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы Жібек Жолы көшесі, 2А, 94 пәтер. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер esportal.kz сайтында қабылданады.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 03.02.2025г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП <http://esportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного песка «Мойынкум Северный-1», расположенном на землях г.Алатау Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «SAZU», адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Бельбулак, улица Жибек Жолы, 2А, кв.94. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте esportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, Проспект Жамбыла, 13.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН



Жаңа жыл қарсаңында суық хабар естіп, есеңгіреп қалдық. Елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, танымал тележурналист Мейрамбек Төлепберген 68 жасқа қараған шағында жарық жалаңға қош-қош айтыпты.

Қасиетті Әулиеата жерінде дүниеге келген ол туған өлкесі туралы ғана толғанып қоймай, халқымыздың біртуар өрендерінің де ғұмыр тарихын індетіп, беймәлім тұстарын қазалап тауып, жалпақ жұртқа жария етті. Ұзақ уақыт белгісіз болып келген, ал 1997 жылы Ресей батыры және Қазақстанның Халық қаарманы атанған Бактыөроз Бейсеқбаевтың есімін қайта оралту үшін дерегін тынбай іздегіршіп, тапты. XIX ғасырдағы қазақ айтты өнерінің дүлдүлі Ұлбике Жангелдіқызының әдеби мұрасын зерттеп, жинақтауға елеулі еңбек сіңірді. Қазақтан шыққан ұшқыш әйел, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ерлік көрсеткен Хиуаз Доспанава жөнінде жазып, қаарман қыз туралы алғашқы деректі «Егемен Қазақстан» арқылы таратып, халықтан сүйінші сұрады. Журналистік ресми сапармен оннан астам шетелде болып, арнайы репортаждар мен жолжазбалар қалдырды.

Мейрамбек Төлепберген еңбек жолын құрылысшы болып бастаған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Алматы облыстық газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған. Журналистика саласындағы өз қолтаңбасын әу баста спорт тақырыбында қалдырып танылған ол республикалық «Халық хенесі» газетінде Парламент жұмысының қыр-сырына үңіліп, саяси тақырыптарға жазылған сараптама макалаларымен көзге түсті. Шығармашылық қарым-қабілеті оны еліміздің таңдаулы журналистер шоғырына қосты. 1996 жылдан бергі уақытта «Егемен Қазақстан» газетінде саяси-әлеуметтік мәселелерге қатысты ой-толғауларымен және публицистикалық макалаларымен кеңінен танылды. «Сағасында Таластың бір ауыл бар», «Қаарман Бактыөроз», «Ақиқат алдында», «Ұлбике», «Шоқыр» деген кітаптардың авторы. Сегіз жинаққа таңдаулы очерктері енген. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалін алған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, сондай-ақ, Жамбыл облысының және Алматы облысына қарасты Балқаш ауданының Құрметті азаматы атанған.

Ол өзінің саналы ғұмырын баспасөз бен телевизияға арнап, мемлекеттік қызметте де абыролы қызмет атқарды. Көп жыл «Қазақстан» телерадиокорпорациясының Жамбыл облыстық филиалының басқарды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Мейрамбек Төлепберген дегенде алдымен тарихи тұлғаларды зерттейтін ізденімпаз журналист көз алдымызға келеді. Ол танылмай кеткен тарихи тұлғалар туралы деректерді тауып, жарқырата жазып, жарыққа шығаратын. Ардагер-журналист, әріптес ағамыздың алдына қара салмайтын еңбекқорлығы, әр жанрда қалдырған қолтаңбасы, көпшілікке қамқор әз бейнесі мәңгі жадымызда сақталады.

Алматы облыстық «Алатау араиы» газетінің ұжымы

ЕСКЕ АЛУ

Кеген ауданы Ұзынбұлақ ауылының тумасы, кейіннен Алматы қаласының тұрғыны болған жаны жайсаң, жүрегі мейірімге толы қамқор әке, аяулы жан, жанашыр бауыр **Азамат Ноянбайұлы АХМАНОВ** тірі болғанда 60 жасқа толар еді. Амаз қанша, арамыздан кеткеніне де жыл толды...

Жанымыздың жырындай болған, мәңгілік сағынышымызға айналған қимасымызды бәріміз бас қосқанда еске алып отырамыз. Бойындағы білімділігі, қамқорлығы, ерекше ән салатын қасиеттері мен адамгершілігі туралы үнемі толғаныспен тебірене айтып отырамыз. Асыл бейнесі, мейірлене күлгені, бәрі-бәрі көз алдымызда сақталып қалмақ.



Тірі болсаң 60-қа келер едің, Қылығына бөленіп немеренің, Той-дұман, тамашаға ортақтасып, Бәрімізді шаттыққа бөлер едің.

Сені іздеген жүректер қан жылмайды, Мол сағыныш сыззатып жанды мына.

Пейішпте бол нұрың тасып бауырым, Әміріңде өрлі еді гой тағалыым, Ардақты едің сынығындай асылдың, Көп еді гой көретұғын жарығың.

Еске алушылар: анасы, бауырлары, жұбайы, балалары және немерелері

«Өлке тынысы» ЖШС мен Алматы облыстық «Алатау араиы» газетінің ұжымы мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі қаламгер

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕННІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАҢА НЫСАН

ЕМДЕУ МЕКЕМЕСІ АШЫЛДЫ

Жамбыл ауданының шалғайдағы Ащысу ауылында фельдшерлік-акушерлік қосын қолданғысқа берілді. Жаңа медициналық мекеменің ашылу салтанатына аудан әкімі Нұрлан Ертас, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алмат Тұрысбекұлы қатысып, алыстағы ауыл тұрғындарының қуанышына ортақтасты.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Салтанатты шараға жиналған қауымды аудан басшысы Нұрлан Ертасұлы Жаңа жыл мерекесінде іске қосылған заманауи фельдшерлік-акушерлік пункттің пайдалануға берілуімен құттықтады. Бұл нысанның ауыл тұрғындары үшін маңызы зор, аудандағы денсаулық сақтау саласын дамыту жолындағы үлкен қадамның бірі екенін атап өтті. Алғашқы медициналық көмек алу мүмкіндігін жақсартуға бағытталған осындай игі іс басқа да елді мекендерде қолға алынғанынан көпшілікті хабардар етті.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алмат Тұрысбекұлы өзінің құттықтау сөзінде ауыл халқына жасалған мемлекеттің

мұндай қамқорлығы жүйелі жалғасатынын жеткізді. Өңірдің денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөлініп, ауылдық жерлерде тұрғындардың денсаулығын нығайтуға басымдық беріліп отырғанын тілге тиег етті. Басты талап – халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырып, қолжетімділігін қамтамасыз ету екенін айтты. Ол үшін ауылдағы медициналық мекемелерді жаңғыртып, жасақтауға үлкен көңіл бөлінуде.

Ауыл ақсақалының ақ батасымен нысан лентасы қиылып, құрылысты жүргізген мердігер мекеме өкілі ғимараттың нысан тілін Ащысу ауылының фельдшері Эльмира Исабековаға тапсырды. Келген қонақтар емдеу орнының ішін аралап көрді. Тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетуге арналған су жаңа емдеу

орны шағын ауылға ерекше сән беріп тұр. Іші қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Нысан облыстық денсаулық сақтау басқармасының тапсырысы бойынша жалпы құны 179 миллион 981 мың теңгеге салынған. Мердігері – «ТехноСнаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Авторлық қадағалаушысы – «Exclusive Project company» ЖШС, ал техникалық қадағалауды жүзеге асырған ұйым «Құрылыс және техникалық зерделеу дирекциясы» ЖШС.

Ащысу – аудан орталығы Ұзынағаш ауылынан солтүстік-батысқа қарай 137 шақырым қашықтықта жатқан шағын ғана елді мекен. Ащысу және Қаншеңгел елді мекендерінен құралған Сарытауқұм ауылдық округінің әкімшілік орталығы.

Жамбыл ауданы





НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ – 100

**Күй – күдірет!
Күй – ата-бабадан жеткен аманат! Домбыраның қос шаңағынан төгілген күнде халқымыздың жаны, ары, мұны, зары, бар болмыс-бітімі жатыр. Күйшілік те әркімге бір қона бермейтін қасиет. Осы өнердің бұлағынан қанып ішкен белгілі композитор, дирижер, КСРО мен Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық қаарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына биыл 100 жыл толуда.**

● Алма ЕСЕНБАЙ

Дәулескер күйші 1925 жылы 1 сәуір күні Іле ауданы Шиликемер ауылында (қазіргі Н.Тілендиев ауылы) дүниеге келген. Әкесі Тіленді ауыл-аймаққа белгілі домбырашы болған. Анасы Салика да әйгілі Кенен ақынның қарындасы, төңірегін әншілігімен тәнті еткен, тіпті сырнайда да ойнаған жан екен.

Әкесі туралы толғанғанда: «Күй негізін өзінен үйрендім. Мен соны қолымнан келгенше дамыттым. Әкемің тартқан күйлері әлі күнге дейін құлағымда тұрады. Пышақтың жүзімен күй тартатын еді. Мен соны үйренем деп алмай кеттім», – деген екен сазгер.

Өнердің бастау бұлағы

Нұрғиса бала кезінен бір орнында отырмайтын, қолды-аяққа тұрмайтын тынымсыз болыпты. Анасының баласы бір бөлеге ұрынып қалмасын деп, аяғын ағашқа байлап қоятын кездері де болған екен. Артынан баланың қызығушылығын домбыраға қарай бұрған. Сөйтіп, Нұрғиса бес жасында әкесінен домбыра тартуды үйренген.

Жасөспірім шағында-ақ қазақ пен қырғыздың, орыс пен татардың музыкалық аспаптарын тегіс үйреніп, ауыл жұртын гаңқалдырады. Бұл Нұрғиса өнерінің бастау бұлағы еді. Ал оны үлкен өнерге жетелеген Ахмет Жұбанов болатын. Бір күні Ахмет Жұбанов Нұрғиса тұрған үйдің жанынан өтіп бара жатып, домбыраның үнін естіп қалады. Ұлттық аспапта сонша шебер ойнап отырған кім екенін білгісі келеді де, баланы көріп, анасынан ұлының тағы бір рет домбыра тартып беруін сұрайды. Шешесі Салика келесіде. Бірақ тіл-көз тимесін деп баласы мен Жұбановтың ортасына шымылдық іліп қояды.

Ахмет Қуанышты баланың күй тартқанын ұйып тындап, оған музыкалық білім алуға кеңес береді. Дарынды үл. Чайковский атындағы музыка училищесіне бірден қабылданады. Онда баламен басқа композитор – Латиф Хамади айналысып, оны би класына жазып қояды. Иссапардан келген Жұбанов талантты домбырашы балет сабақтарына барып жүргенін көріп, дереу музыка класына ауыстырады. Домбырамен қатар, Нұрғиса бокспен де айналысқан. Алайда Ахмет Жұбанов «Не бокс, не музыка!» деп шарт қойғаннан кейін Нұрғиса өнерді таңдайды.

Соғысқа аттанған бозбала

Нұрғиса Тілендиев өнерге енді ғана келген шағында Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Күйшінің әріптестері майданға кетіп, 1943 жылы Нұрғиса Тілендиев те соғысқа аттанады. Оған сол кездегі көпшілік жастар сияқты 16 жастағы жігіттің төлқұжатына екі жас қосып жаздырып алуы себеп болады.

«Өз мінезі тік, түрі қатыгез болғанымен, бір айтып адамды именетіндей қылып тастағанымен бұл кісінің жүрегі жып-жылы, кәдімгі бала сияқты. Соғысқа барғанда жанындағы немісті көздеп жатыр дейді».

Сонда жанындағы адамдарға: «Мына иттің баласын атсам өліп қалар ма екен?» деп, ана немісті аяп тұр», – деп жазған екен Нұрғиса туралы кезінде журналист, өнертанушы Жарқын Шәкәрім.

Осылайша 1945 жылдың 9 мамырына дейін Нұрғиса Тілендиев Курск шайқасынан бастап Берлинді алғанға дейінгі жолмен жүріп өтеді, бірнеше рет жараланады. «Ерлігі үшін!».

толғауы», «Әлкисса», «Қорқыт туралы аңыз», «Көш керуені», «Махамбет», «Фараби сазы» сияқты күйлері, «Саржайлау»,

маған», – деп жары Дариғаға домбырасын алғзып, «Акку» мен «Арман» күйлерін тартып береді. Осы әсерлі сәтті жүргенін өткізген ақын інісі «Дариға, домбырамды берші маған» атты өлең жазып береді. Артынан сазы да жазылады.

Бұл кездесуден кейін ақын композитордың үйінде бір ай жатып, екеуі 32 әнді дүниеге әкеледі. Соның ішінде «Саржайлау», «Кел, еркем,

**КҮЙ ҚЫРАНЫ**

«Берлинді алғаны үшін!», «Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін» медальдарымен марапатталады.

Ол әскери қызметте қалуы да ойлаған. Бірақ Ахмет Жұбанов әскери округ бастықтарына соғыстан соң елде талантты музыканттарға деген қатты сұраныс болатынын жеткізіп, Тілендиевті қайтарту туралы өтініш жазды. Ақыры Нұрғиса 1945 жылдың қазанында әскерден босатылады.

«Отырар сазы»

1948 жылы Нұрғиса Тілендиев Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясына емтихан тапсырып, оқуға түседі. Ұлт аспаптары бөлімінде екі жыл оқып шығады. Оқуын аяқтаған соң, Мәскеу консерваториясына оқуға барады. Ол осы оқу орнына түскен алғашқы қазақ еді. Елге оралған соң, Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының бас дирижері болып тағайындалады. Одан кейін Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінде бас дирижер, көркемдік жетекші болады. Ал 1964-68 жылдары Абай атындағы опера және балет театрының директоры, 1968-81 жылдары «Қазақфильм» киностудиясы музыка редакциясының бас редакторы болып қызмет істейді. 1981-1998 жылдар аралығында тікелей өзінің ұйымдастыруымен дүниеге келген «Отырар сазы» халық аспаптары оркестрінде бас дирижер қызметін атқарады.

Қазақ филармониясы жанынан құрылған «Отырар сазы» оркестрі басында шағын ансамбль ретінде өнер көрсетті. Ал екі жылдан кейін оркестр болып құрылды. Оркестр қос ішекті, үш ішекті домбыра, қобыз, сыбызғы, сазсырнай, сүйген, шанқобыз, асагаяқ сынды ұлттық музыкалық аспаптарды жандандырды. Артынан оған кең шаһарты және шінкілдек домбыралар, нарқобыз, жезқобыз, месқобыз, сазген, шертер, адырна, даңғыра және тағы басқа аспаптар қосылды. Композитор өзі құрған «Отырар сазы» оркестрін академиялық деңгейге дейін көтерді.

Нұрғиса Тілендиев қазақ музыка өнерінде өшпес із қалдырды. Ол тұңғыш рет қазақ музыкасын төл аспаптарымен оркестрлік үлгіде дыбыстаудың тамаша үлгісін көрсетті. Сазгер 500-ден астам музыкалық төл туындының авторы. Осынау мол мұраның жанрлық аясы да кең. Ішінде ән, күй, романс, увертюра, поэма, контатта, опера мен балет бар. Оның «Акку», «Аңсау», «Арман», «Ата

«Алатау», «Ақжайық», «Ақ құсым», «Өз елім» сынды әндері халықтың рухани қазынасына айналған. Мұның сыртында 40-тан астам пьесаға және 20-дан астам фильмге музыка жазған.

Нұраға музыкасын жазған М.Өзезовтің, Ш.Аймановтың, Т.Ахтановтың, Ө.Тәжібаевтың пьесалары, сондай-ақ «Қыз Жібек», «Қилы кезең», «Менің атым Қожа» фильмдері мен «Ақсақ құлан», «Қарлығаштың күйі» неге айыр?» мультфильмдері қазақ сахнасы мен көгілдір экранының классикасына айналған.

Аккуларды билеткен

Нұрғисаның күйі «Қыз Жібек» фильміндегі аккуларды билеткен. Сценарий бойынша, Төлеген мен Жібек некесі қиылған соң, махаббат нышаны ретінде айдында жүзіп жүрген аккуларды көрсетеді. Алайда, аккулар бір-біріне жақын дамайды. Су астындағы сүңгуір мамандар аккуларды қосуға тырысып бақса да, екеуі екі жаққа жүзіп кетеді. Осы кезде фильм режиссері Сұлтан Қожықов пен Нұрғиса Тілендиев ақылдасып, алды ала таспаға жазылып алынған «Акку» күйін қосады. Күйді естіген бойда екі акку бір-біріне жақындап келіп, бастарын түйістіріп, ыргалып билей жөнеледі.

Нұрғиса аға қаладағы Панфилов атындағы саябақта жиі серуендейтін. Бір күні кафедралық собордың жанында демалып отырған шағында шатырға тырна келіп қонғаны сол-ақ екен, құзғын қарғалар жан-жақтан шоқып, ұшырып жіберді, қайта қонып еді, маза бермеді. Сөйтіп, тырна Алатауға беталып ұшып кетті.

– Жалғыздық деген қандай? – деп Нұрағаң жылап жіберді. Тырнаның тағдыры композитордың жан-дүниесін астан-кестеп етті. Кешке Тұманбай ақынды шақырған ол болған оқиғаны баяндап, әннің мәтінін жазуды өтінді. «Құстар әні» осылайша өмірге келген еді.

Дариға, домбырамды берші маған...

Композитор Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза-Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Нұтфолла Шәкенов, Бәкір Тәжібаев, Мұқағали Мақатаев сынды ақындармен тығыз шығармашылық байланыста болды. Бір күні Нұрғиса Тілендиевтің шаңырағына қонаққа ақиқат ақын Мұқағали Мақатаев келеді. Екеуі әңгімеден құрып отырғанда Нұрғиса: «Даха, домбырамды берші

Алатауына», «Мен сендерді іздеймін», «Сөнбейді, әже, шырағың» және тағы басқа шығармалар бар. Нұрғиса Тілендиев пен Мұқағали Мақатаевтың бірлесіп отырып жазған соңғы әні – «Есіңе мені алмайсың».

Нұрғиса Тілендиевтің Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Куэ бол» әні айлы түнде дүниеге келген. Бірде Нұрғиса Тілендиев жан жары Дариғамен Алматы өзенінің жағасында қыдырып келе жатады. Сазгер өзен жағасындағы тастың үстіне шығып, біресе айға, біресе жұлдыздарға қарап: «Куэ бол, жұлдыз, куэ бол, айым, куэ бол, Алатауым!» – деп әндете жөнеледі. Кейін сөзін ақын інісіне жаздыртып алады. Осылайша «Куэ бол» әні дүниеге келген. Бұл композитордың сүйген жарына арнаған ең алғашқы туындысы еді.

Жамбылдың көзін көрген

Нұрғиса Тілендиев жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың жақын туысы болып келеді. Бала кезінде Жамбыл ағасының алдында отырып, талай ән-жырын тындаған. Көз жұмбақ бұрын: «Мені Жамбыл атамның жанына қойыңдар. «Құстар қайтып барады» әнімен шығарып салыңдар», – деп аманат айтқан екен.

Композитор 1998 жылғы 15 қазанда 71 жасында өмірден озды. Өзінің өсиетімен Жамбыл ауылындағы Ж.Жабаевтың кесенесі жанына жерленді.

Күйшіге көзінің тірісінде-ақ, «Қазақ сазының сайыпқыраны» деген атақ берілген. Бүгінде Нұрғиса Тілендиевтің атымен аталатын музыка мектептері, музейлер мен көшелер бар. Алматы қаласындағы Нұрғиса Тілендиев тұрған пәтер композитордың мемориал-үйіне айналды.

Нұрғиса ағамыздың үміт артқан перзенті Дінзүхра әке таяғын қолына алып, «Отырар сазы» оркестріне жетекшілік етуде. Оркестрдің бас дирижері ретінде репертуарын кеңейтіп, алыс-жақын шет елдерде қазақ өнерін насихаттап жүр.

Нұрағаның зайыбы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, киноактриса Дариға Тілендікелині композитордың мол туындысын шаша шығармай жинақтап, кітап болып шығаруына, мұражай-үйінің ашылуына мол септігін тигізді. Ендігі міндет – халқы сүйген өнер иесінің жүз жылдығын өз дәрежесінде атап өтіп, артынан қалған мол мұрасын насихаттау, жас ұрпақ жадында мәңгі қалдыру.

ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ЛЕБІЗ

МӘДЕНИЕТ – ӨМІР МӘЙЕГІ



Секен ТҮРЫСБЕК,
Қазақстанның халық әртісі, күйші-сазгер:

«Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деп жатамыз. 2024 жыл әдебиет, мәдениет саласындағы жемісті жылдардың бірі болды. Бытыр классик жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойын қаламгердің туған жері Алматы облысында ғана емес, халықаралық деңгейде атап өттік. Бұл – бүкіл қазақтың, Алаштың қуанышы.

Париж қаласында ЮНЕСКО-ның штаб пәтерінде мерейтойға арналған үлкен конференция ұйымдастырылды, «Менің атым Қожа» кітабының француз тіліндегі нұсқасының тұсаукесері өтті. Париж төрінде қазақтың әдебиеті мен мәдениеті ұлықталып, күймізді кумбіреттік. Көктемде ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының қолдауымен Түркияның Анкара қаласында да жазушының мерейтойына орай ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. Оған «Ақ-жасуын» камералық оркестрімен барып, концерт бердік. Бердібек Соқпақбаевтың «Өгелдер қайтып келмейді» романының жазылғанына 40 жыл толуына орай тамаша туынды түрік тіліне аударылды. Соқпақбаевтың туған ауылы Нарынқолда жазушыға ескерткіш орнатылып, орталық саябаққа қаламгердің есімі берілді. Бұл жасалып жатқан шаруалар қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өміршеңдігіне өз үлесін қосары анық. Сондықтан өткен жылға өкпеміз жоқ.

Алдағы күнге қашан да үлкен үмітпен қараймыз ғой. Жылан жылы да жұртқа жайлы жыл болуын тілейміз. Әр шаңырақта береке мен ынтымақ, шуақты күндер көп болсын!

ЕЛ БІРЛІГІ МЫҒЫМ БОЛСЫН!



Төрткен КЕНЕНҚЫЗЫ,
Мәдениет қайраткері, ұлағатты ұстаз:

Әр жылдың өз жақсылығы, қуанышы мен қиындығы қатар жүреді. Бытыр еліміздің бірнеше өңірін қызыл су басып, халқымыз әбігерге түсті. Осы жағдай жаныма қатты батты. Қанишама адам үйсіз, күйсіз қалды. Дегенмен, ел азаматтары, атқамінерлер дер кезінде жылдам әрекет етіп, Үкімет үлкен апаттың алдын алды. Ал қазір тасқыннан жана шеккен жандар қоныс тойларын тойлап, мамыражай тірліктерін бастап жатқаны қуантады. Қиын-қыстау сәтте жұдырақтай жұмыла білген ел бірлігі әрдайым мығым болсын! Бар жамандық артта қалып, тек жақсылыққа ұмтылайық.

Жағдайы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жанدارға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатыр. Елімізде мектеп, аурухана сынды әлеуметтік нысандар көптеп ашылды, жер-жерде баспаналы болып жатқан халықты көріп, қуандық. Жеке басыма келсек, 2024 жылы «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағына ие болдым. Атақпен бірге Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құттықтау хатын өңір басшысы Марат Сұлтаназиев табыстады.

Мұндай қуанышты сәттер әр шаңырақта мол болсын! Жаңа жыл еліміз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын!

БІЛІМДІ ҰРПАҚ КӨБЕЙСІН!



Тоққожа ЕСТЕНОВ,
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері:

Білімі мен ғылымы, өнері дамыған елдің жетер жетістігі көп болмақ. Қазақ қашанда «Алдыңнан артың биік болсын» дейді. Сондықтан соңымыздан ерген ұрпағымыз білімді, өнерлі, жан-жақты болып өссін.

Елімізде соңғы жылдары білім мен ғылымға көп көңіл бөлініп жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы белсенді іске асырылып, жер-жерден заманауи үлгідегі жаңа білім ошақтары ашылуда. STEM-зертханалар, робототехника кабинеттері, хореография және спорт залдары, демалыс аймағы мен нетворкинг қарастырылған мұндай мектептер балалардың алаңсыз, еш кедергісіз білім алуына бар жағдайды тудырып отыр. Елімізде инновациялық экономика құру және білім деңгейін арттыру мақсатында студенттер мен ғалымдар үшін жағдайды жақсарту, ғылыми зерттеулерді дамытуға көңіл бөлінуде. Студенттердің ішкітеріақысы, мұғалімдердің жалақысы өсіп, ғалымдар үйлі болып жатыр. Мұның бәрі – болашаққа жасалған үлкен инвестиция.

Биыл да бұл жобалар жалғасын тауып, жылан жылы еліміз үшін жақсылығы мол жыл болады деген үміттеміз.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПІЯҰЛЫ

Бас редактор:
Қуаныш ТҮНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:

Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:

Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:

Шолпан НҮРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 272 42 04
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС 8 705 261 50 98
Үйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӨЛІПОВ 8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71

alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VP00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 3

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымның таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ